4. Бала асырап алу — заңды түрде баланы отбасына қабылдау. Бала туысқан ретінде ұлы (қызы) болып барлық құқықтар мен міндеттерге ие болады. Бала асырап алу баланы отбасына орналастырудың басты түрі болып келеді. Ал ата-аналар үшін бұл — бала тағдырына және оның толық дамуына ең жоғары дәрежедегі жауапкершілік.

Қазақстанда асырап алу құпиясы заңмен қорғалады. Ата-аналары, туыстары, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған ұйымдардың және (немесе) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған басқа да адамдар бала асырап алу құпиясын сақтауға міндетті.

Бүгінгі таңда балалар құқығын қорғау саласындағы маңызды мәселелердің бірі халықаралық бала асырап алу институты болып табылады және де ерекше құқықтық реттеуді талап етеді.

Халықаралық бала асырап алу институты әлемдік тәжірибеге өткен ғасырдың орта тұсынан ене бастады. Біршама уақыт өткеннен соң шетелдіктердің бала асырап алуы үйреншікті іске айналды. Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-да бала туу көрсеткішінің төмендеуі және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі экономикалық жағдайдың нашарлауы сияқты бірқатар теріс факторлар XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында әлемде халықаралық бала асырап алу құбылысының кең таралуына себепші болды.

Қазіргі таңда 8,5 мың Қазақстандық азаматтар балалар үйінен бала асырап алғысы келеді, бірақ заңдағы кейбір аспектілер кедергі келтіруде.

Бүгінде республикамызда жүз елуден астам жетімдер үйі бар. Жыл сайын қазағымның қара домалақ ұлдары мен қара көз қыздары шетелдік азаматтардың қамқорлықтарына ие болуда. Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2000-2017 жылдар аралығында шетелдіктер 8169 сәбиді асырап алған. Соңғы он жылда қазақстандық жетім балалар әлемнің отызға жуық еліне әкетілген².

Егер Сіз бала асырап алғыңыз келсе, республикамыздың кез келген аймағынан, не болмаса тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органына барып, өтініш беруіңізге болады.

Өтінішке төменде көрсетілген құжаттарды қоса тіркеу қажет:

- 1) жұмыс орныңыздан лауазымыңыз бен еңбек ақыңыз көрсетілген анықтама қағаз;
- 2) тұрғылықты мекен-жайыңыздағы үй кітапшасының көшірмесі;
- 3) тұрғын-жайға иелік, меншіктік құқығыңызды растайтын құжат;
- 4) сотталмағандығыңызды растайтын құқық қорғау органдарының анықтамасы;
- 5) денсаулық жағдайыңыз туралы емдеу-профилактика мекемелерінің медициналық қорытындысы;

- 6) (егер некеде болсаңыз) неке куәлігінің көшірмесі;

- 7) тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мамандары жасаған тұрғын үй-тұрмыстық жағдайыңыздың зерттеу актісі.

Қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін сізге баланы таңдап алу және онымен қарым-қатынас орнату үшін ата-анасының қамқорлығынан айрылған және жетім балаларға арналған мекемелерге жолдама береді.

Баланы асырап алуға жол бермейтін жағдайлар:

- 1) ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің сотпен заңды әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

- 2) ата-ана құқықтарынан айрылған немесе сот арқылы ата-ана құқықтары шектелген адамдар;

- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қамқоршы немесе қамқоршы міндетінен босатылған адамдар;

- 4) денсаулығына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдар;

- 5) тұрақты тұратын жері жоқ адамдар;

- 6) дәстүрлі емес сексуалдық бағыттағы адамдар;
- 7) бала асырап алу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе өтелмеген соттылығы бар адамдар;
- 8) азаматтығы жоқ адамдар;
- 9) бала асырап алу кезінде балаға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейін қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдар;
- 10) наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде тіркелген адамдар;
- 11) бір-бірімен некеде тұрмаған адамдар³.

Баланы асырап алғаннан кейін, қайтадан жетімдер үйіне апарып тастаудың 4 себебі бар:

1. Тиісті мотивацияның жоқтығы. Ата-ана атанғысы келуі әр алуан себептерді тудыруы мүмкін: толыққанды отбасын құруға деген ұмтылыс, өз бетінше балалы бола алмау, қарттықтан және жалғыздықтан қорқу. Осындай жағдайларда, асырап алуға үміткерлер ең алдымен өздері туралы ойлайды.

2. Ата-аналар үшін дайындық мектебінің жоқтығы. Көптеген шет елдерде баланы патронаттық тәрбиеге қабылдамас бұрын, ата-аналар заңды түрде арнайы курстардан өтуге міндетті, онсыз балаларға кіруге рұқсат берілмейді. Қазақстанда мұндай заң жоқ, сондықтан арнайы мектептер де жоқ. Нәтижесінде, ата-ана қандай жағдайда қалай әрекет ету керектігін білмейді.

3. Отбасыларға одан әрі қолдаудың болмауы. Егер ата-ана да, бала да дайын болмаса, жағдай екі есе күрделене түседі.

4. Қазақстанда әлеуметтік қызметкерлердің толыққанды ұйымдастырылған қызметі жоқ, отбасына әлеуметтік көмек жоқ. Иә, әйелдердің жағдайын жақсартуға, мақсатты әлеуметтік көмек көрсетуге және кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған республикалық бағдарламалар бар.

Алайда, олардың бірде-біреуі нақты мақсаттарға ие емес, қиын өмірлік жағдайдағы отбасылар мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері желісін құру керек.

Қазақстанда бала асырап алу процесін институционализациялау ендіріле бастады. Бұл — біріншіден, бала асырап алу заңдылықтарының экономикалық, саяси және мәдени факторлар мен анықталуы. Екіншіден, әлеуметтік жұмыстарды кәсібилендірудің баяу дамуы. Үшіншіден, постиндустриалдық қоғамдағы жұмыстың әлеуметтік мәні. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету кезеңінде әлеуметтік жетімдікке жол бермеуіміз керек.

Қазақстанда баланы асырап алу процесіне әлі күнге дейін жәй ғана «баланы алу» тұрғысынан қарайды. Ал негізгі мақсат жәй баланы ала салу ғана емес, болашағынан зор үміт күттіретін ұрпақ тәрбиелеу болып табылады.

Сонымен «бала асырап алуға қатысты заңнамаларда нені өзгертемін, неге және бұл елге не береді?» – деген сұраққа жауап бере отырып, құндылық жүйесін өзімнен бастап өзгерткім келеді. Шетелдік асырап алушыларға біздің балаларымыздың құқықтарын қорғау бойынша шараларды күшейту арқылы дамыған елдер алдында еліміздің саяси беделін көтереміз. Бұл өзге елдердің қазақ балаларына жауапкершілікпен қарауына себеп болады. Ал егер шетелдіктерге бала асырауға тиым салатын болсақ, жетімдеріміздің заңды экспорты болуын тоқтатар едік.

Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған, қарттарын қадірлеген қоғамымызды қайта жаңғыртайық!

¹ Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі, 102-107-баптар.

² «Жетімді жылатпа» <http://www.zharar.com/kz/shygarma/12139-zhetim.html>.

³ Қазақстандағы бала асырап алу: талаптары, тәртібі және қажетті рәсімдер. http://egov.kz/cms/kk/articles/adoption_of_a_child_in.

Ахмедияр М. — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық факультеті, құқықтану мамандығының 3-курс студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Л. А. Мұрсалова.

ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ

Қылмыс жасаған адамның жазасын толығымен өтеуі міндетті емес деп танылған жағдайда, сөзсіз, жалт басқан бұл қоғам мүшесінің қалыпты орта мен тұрғылықты өмір жайына бейімделіп, социумға сіңіп кетуін жүзеге асыру — расында да, назар аударар мәселе.

Осы қадамдарды іске асыру құралдарының бірі шартты түрде мерзімінен бұрын босату болып табылады. Қаншалықты маңыздылығы жоғары, әрі қарауды қажет ететін мәселе екендігіне көз жеткізу үшін Қылмыстық Кодекске және өзге де заңдарға жеңіл шолу жасап өтейік.

Ең әуелі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» №10 нормативтік қаулысын атап өткен жөн. №10 нормативтік қаулының 9-тармағына сәйкес жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату түзеу жұмыстары, бас бостандығынан шектеу, әскери қызмет бойынша шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды өтеп жүрген адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін. Қоғамдық жұмыстарға тарту, айыппұл, белгілі бір лауазымдарда істеу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаларды өтеп жүрген сотталған адамдарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға жол берілмейді¹.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің (әрі қарай ҚР ҚК) 72-бабы бойынша, егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Алғаш рет жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату 1885 жылы Францияда орын алған. Қазіргі уақытта бұл институт көптеген мемлекеттердің заңнамасында қарастырылған.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату секілді құқықтық бағыттың негізі ретінде гуманизм принциптерін атап кетуге болады.

Қазақстан Республикасының ҚК-нің 39-бабының 2-тарауына сәйкес, жазаның 4 мақсаты бар: әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның, тағы басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу. Аталған осы мақсаттардың барлығы дерлік, тағайындалған жазаны соңына дейін өтегенше жүзеге асырылған болып табылса, әрі қарай өтеуде (жазаны) ешқандай да мән қалмайды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталғандардың қайта тәрбиеленуінде маңызды рөл ойнайды.

Қазақстан Республикасында және ТМД мемлекеттерінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстары, әскери қызметте шектеу, бас бостандығын шектеу секілді жазаны өтеушілерге қатысты қолданылады. Ал әлемнің көптеген мемлекеттерінде тек қана әртүрлі көріністегі бас бостандығын шектеуге жазаланғандарға қатысты қолданылады.

Кезекті шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға үміткердің көзқарастарының қаншалықты өзгергеніне қарай бейморальды ұстанымдары болған жағдайда, олардан бас тартқандығына көз жеткізген соң, арнайы мамандардың кірісуімен психологиясы объективті, әрі жан-жақты зерттеулерден өткеннен кейін сотталған адамның түзелгені туралы тұжырым беруге болады. Әр елде осындай көрсеткіштерге қойылар критерийлер әртүрлі болып келуі мүмкін. Мысалға, ҚР-да сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде, жазасын өтеген қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің талаптарын қаншалықты толық орындағандығы, мекеме бойынша адамдармен қарым-қатынасы, мекеме әкімшілігі тарапынан қойылатын талаптардың орындалуы, жақындарымен қарым-қатынастарының деңгейі секілді көрсеткіштер назарға алынуы мүмкін.

Заманауи мемлекеттердің ұлттық құқық жүйесінде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін қойылатын критерилер арасында үлкен айырмашылықтар бар және олардың құрылуы келесідей:

- егер тұлға сотталған жаза мерзімін толықтай өтемей-ақ, болашақта қылмыстық әрекеттерге бармайды, – деген тұжырымға келсе (Австрия, Парагвай, Германия Қылмыстық Кодексі (әрі қарай - ҚК));

- егер де оның үлгілі тәртібі және қоғамға келтірген зиянын өтеуі есебінен әрі қарай жазаны өтеу орнында ұстаудың мәні болмаса (Англияның ҚК-і);

- егер оны тәрбиелеу мақсаты жүзеге асырылған болса (Албанияның ҚК-і);

- егер де осы сұрақты шешуге міндетті орган: белгілі сотталған адам өзін жақсы ұстап, жағымды жақтарын көрсетіп және бостандыққа шыққаннан кейін арнайы нұсқауларды орындай алады, – деген тұжырымға келсе (АҚШ-тың көптеген штаттары);

- егер де сот сотталған адамның жазасын толықтай өтеуін қажет деп таппаса; (ТМД мемлекеттерінің көпшілігі).

Кейбір мемлекеттерде, осы мәселені қарау барысында, бірнеше елдердің критерилері сәйкес келуі мүмкін. Көп жағдайда, сотталған адамның моральдық ұстанымдары, жеке көзқарастары, тұлғалық қасиеттері, сотталғанға дейінгі өмірі, жасаған қылмысының мән-жайлары, жазаны өтеу кезіндегі тәртібі және де босағаннан кейін қылмысқа қайтадан баруы қаншалықты мүмкін екендігі ескеріледі.

Латвия, Литва, ТМД мемлекеттерінің ҚК-і бойынша өтелуге міндетті жаза мөлшері жасалған қылмыстың сатысына байланысты болады. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 72-бабы 3-бөлігіне сәйкес мына қылмыс сатыларына жазаның кемінде келесі бөлігін өтеу талап етіледі: онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа – үштен бірін, ауыр қылмыс – жартысын, аса ауыр қылмыс – үштен екісін өтегеннен кейін.

Ал көптеген мемлекеттерде, жасалған қылмыс сатысына байланысты емес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату алу үшін өтелуге міндетті жаза мерзімдері заң шығарушы тарапымен бекітілген: Италияда 30 ай, Австрияда 3 ай, Венгрияда, Данияда 2 ай, Швецияда 1 ай.

Жазаның атауына қарамастан, көптеген мемлекеттер заңнамасы өмір бойы бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың да шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуын қарастырады. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 72-бабы 6-бөлігіне сәйкес, өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, егер процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, он бес жыл іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның бостандыққа шыққаннан кейінгі өмірінің бастапқы бөлігі үздіксіз болмаса да, белгілі дәрежеде бақыланып отыруы керек. Сол үшін арнайы қызмет ететін пробациялық бақылау институтын де атап өтуге болады².

Өкінішке орай, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар арасында да қайтадан қылмысқа баратындар аз емес. Бұл құқықтың институттың тиімсіздігінде ме, әлде потенциалды қылмыскердің өзгеруді қажет санамауында ма? Бұл сұрақ ашық болып қала береді.

Мысал ретінде, елімізде 2017 жылы болған, қоғамдық резонанс тудырған жан түршігерлік қылмысты атап өтуге болады. Такси жүргізушісі бойжеткен қызды зорлап, өлтіріп кеткен болатын. Кейін сот барысында, айыпталушының осыған дейін екі рет қылмыстық жауаптылыққа тартылып, соның біреуінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаны белгілі болды.

Бұның барлығы, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға деген кез келген үміткердің бейморальдық мінез-құлықтан айырылуы жолында қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі тарапынан да, сотталушы және қоғам мүшелері арасында да саналы түрде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарды қабылдауға бағытталған әрекеттер жүйесі және түрткі болар алғы-шарттар пайда болуы керек. Адаптация процесі түпкілікті мақсатына жету үшін социум мен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар шынайы түрде бейімделуге мүдделі болуы керек.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ).

² *Ағыбаев А.Н.* Қылмыстық құқық (жалпы бөлім): Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2007.

Ахметова А. — курсант Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева, рядовой полиции;

Научный руководитель — старший преподаватель кафедры организации социальной работы в ОВД Костанайской академии МВД Республики Казахстан им. Ш. Кабылбаева, подполковник полиции Конвисарь А. А.

ОБРАЗОВАНИЕ КАК ВАЖНОЕ СРЕДСТВО МОРАЛЬНО-НРАВСТВЕННОГО И ДУХОВНОГО ВОССТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ ОСУЖДЕННОГО

Обучение по праву признано не только обеспечивающим получение и усвоение осужденными определенных знаний, но и активно влияющим на формирование мировоззрения, нравственных качеств, положительных мотивов социально полезной деятельности, а также воспитывающим их в духе уважения к правам, законным интересам, чести и достоинству других граждан. По мере повышения общеобразовательного уровня и культуры достигается лучшее понимание осужденными различных аспектов трудовой, общественной и учебной активности; развиваются такие качества, как целеустремленность и дисциплинированность, умение преодолевать трудности, обеспечивается формирование положительного отношения к ним¹.

Поэтому повышение образовательного уровня во время отбывания наказания необходимо рассматривать как обстоятельство, способное значительно повысить нравственно-психологическое воздействие его на осужденного к лишению свободы.

Исполнение наказания порождает ряд отрицательных последствий социально-психологического характера. Причина этого — физическая и в определенной мере духовная изоляции, влияющие на психику, зачастую приводящие осужденных в состояние фрустрации, проявляющейся в негативных переживаниях (отчаяние, разочарование, тревога, раздражение и т.д.).

Общеобразовательная подготовка является фактором, в определенной мере нейтрализующим подобное состояние. В известной степени общеобразовательное обучение способствует компенсации дефицита общения, который наблюдается в учреждениях уголовно-исполнительной системы (далее УИС).

Повышение образовательного уровня как раз и позволяет формировать для этого благоприятный психологический климат. Осужденные с низким уровнем образования менее критичны к окружающей среде, они чаще ориентируются на ее неформальные правила поведения, легче включаются в орбиту субкультурных отношений.

Занятия в школе и колледже сужают сферу не контролируемого администрацией ИУ свободного от работы и учебы времени осужденного. Это само по себе важно для укрепления режима, так как большинство нарушений порядка отбывания наказания совершается в свободное от работы и учебы время².

Согласно ч. 1 ст. 127 УИК Республики Казахстан, в учреждениях организуется обязательное получение осужденными, не достигшими 30 лет, начального, основного среднего, общего среднего образования. Осужденным, желающим продолжить обучение в целях получения начального, основного среднего, общего среднего, администрацией учреждения УИС и органами местного самоуправления создаются необходимые условия³.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года «Об утверждении Государственной Программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы» в числе ожидаемых результатов реализации программы развития образования — удовлетворение потребности гражданина Республики Казахстан в получении образования, обеспечивающего успех в быстро меняющемся мире, развитие конкурентоспособного человеческого капитала для экономического благополучия страны⁴. Мы считаем, что это положение можно расценивать как право на получение высшего образования. Направлениями развития высшего и послевузовского профессионального образования в этой Программе названы «формирование и обеспечение социально-экономических механизмов» расширения доступа граждан к получению высшего и послевузовского профессионального образования⁵.

Программа стала правовой основой, обеспечивающей равное право на получение высшего образования всеми гражданами Казахстана, в том числе и осужденными к лишению свободы.

Закрепление в законе этих положений — проявление демократических преобразований в казахстанском обществе и реального изменения карательной политики Республики Казахстан в

сторону ее гуманизации, стремления приведения в соответствие с международными стандартами правил обращения с заключенными. Вероятно, не все будут одобрительно относиться к расширению прав и законных интересов осужденных к лишению свободы, в частности, права на получение высшего образования. В стране имеются мнения, что человек, оказавшийся за решеткой, должен ощутить на себе карательную силу уголовного закона со всеми вытекающими отсюда последствиями.

Сторонники противоположной точки зрения полагают, что хотя осужденный и находится за решеткой, но он человек и для него должны создаваться человеческие условия.

Предоставление осужденным к лишению свободы возможности получить высшее профессиональное образование является убедительным доказательством того, что в Республике Казахстан перед законом все равны и имеют равные возможности для реализации своих прав, за исключением ограничений, которые предусмотрены законодательством Республики Казахстан либо вытекают из обвинительного приговора суда.

Как уже указывалось, образовательная подготовка усиливает сознательное отношение осужденного к труду и повышает его самооценку.

Труд сам по себе далеко не всегда является позитивным воспитательным средством. У молодого человека, не имеющего прочных трудовых навыков, неинтересная, монотонная работа может вызвать презрение к труду и стремление жить за чужой счет. Отсутствие специальности, трудовая незанятость нередко являются криминогенными факторами, приводящими к совершению преступлений.

Отсюда следует, что получение осужденными определенной специальности или повышение профессиональной квалификации наряду с общим образованием может рассматриваться как эффективное средство предупреждения новых преступлений в период отбывания наказания и после освобождения из мест лишения свободы.

Общее руководство профессиональным образованием и профессиональной подготовкой осужденных осуществляет Комитет уголовно-исполнительной системы МВД РК. По согласованию с Министерством образования и науки Республики Казахстан, Министерство внутренних дел Республики Казахстан издает соответствующие инструкции, положения, регламентирующие порядок организации, виды профессионального образования, особенности учебно-воспитательного процесса, порядок комплектования учебных групп и создание материально-технической базы в системе профессиональной подготовки в учреждениях УИС. По наиболее важным аспектам этой деятельности издаются совместные приказы указанных министерств.

Порядок организации технического и профессионального образования лиц, лишенных свободы, устанавливается уполномоченным органом в сфере уголовно-исполнительной деятельности, который, по согласованию с уполномоченным государственным органом по вопросам образования, разрабатывает и утверждает правила, регулирующие порядок организации, виды профессионального образования и особенности учебно-воспитательного процесса.

Планированием и организацией профессионального образования осужденных в учреждениях непосредственно руководят заместители начальников учреждений, курирующие вопросы организации труда осужденных и специалисты службы по организации труда осужденных.

В соответствии со ст. 123 УИК РК, в учреждениях УИС организуется профессиональное и техническое обучение для всех осужденных к лишению свободы, не имеющих профессии, по которой осужденный может работать на производстве, в учреждении или после освобождения из него. От технического и профессионального образования освобождаются инвалиды первой и второй групп, мужчины старше 63 лет и женщины старше 58 лет, которые могут получить профессиональное образование по их желанию.

В учреждениях техническое и производственное обучение осуществляется на базе самостоятельных профессионально-технических организаций, а также на базе государственного предприятия УИС. При отсутствии на территории учреждения самостоятельных организаций, осуществляющих профессионально-техническое образование, может быть организована курсовая профессионально-техническая подготовка в учреждении на базе образовательных организаций, расположенных за территорией учреждения.

Основная задача начального профессионального образования является создание необходимых условий для удовлетворения потребности личности в получении начального профессионального образования, конкретной профессии (специальности) соответствующего уровня обучающихся, не

имеющих основного среднего, общего среднего образования, а также ускоренного приобретения трудовых навыков для выполнения определенной работы или работы в группах⁶.

Практика организации профессионального обучения и трудового использования осужденных свидетельствует об отсутствии единой научной и организационной основы в этой сфере деятельности. На профессионально-технической подготовке осужденных негативно сказываются такие факторы, как то, что значительная часть осужденных не может пройти полный курс профессионально-технического обучения, так как применяемые в учреждениях уголовно-исполнительной системы программы и сроки недостаточно увязаны с продолжительностью пребывания осужденного в учреждении УИС; большинство осужденных не имеют необходимой предшествующей общеобразовательной подготовки и профессиональных навыков для продуктивной трудовой деятельности; перечень предлагаемых специальностей (профессий) для освоения в профтехорганизациях в большинстве случаев не соответствует интересам и наклонностям многих осужденных.

Таким образом, редакция ст.123 УИК РК позволяет осужденным реализовать их право на получение высшего профессионального образования, тем самым решается важная социальная проблема ресоциализации осужденного.

¹ Наказание и исправление преступников: Учеб. пос. / Под ред. Ю.М. Антоняна. — М., 1992. С. 146-147.

² Там же. С. 147.

³ Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан: Учебно-практ. пос. — Караганда: ТОО «Литера», 2014. С.71.

⁴ Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года «Об утверждении Государственной Программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000909>.

⁵ Там же.

⁶ Комментарий к Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан. — Астана, 2014. С.364-365.

Аяганова С. С. — докторант 2 курса Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, квалификационный класс 5 категории;

Научный руководитель — и.о. ректора Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, доцент, старший советник юстиции Шаяхметов Ш. Ш.

ОТЛИЧИЯ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЙ ОРГАНИЗОВАННОЙ ПРЕСТУПНОСТИ ОТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ И ПРЕСТУПЛЕНИЙ МЕЖДУНАРОДНОГО ХАРАКТЕРА

В современное время преступность интернациональна, не знает границ и имеет международную распространенность. Так, для определения преступности с иностранным элементом был введен термин «транснациональная», характеризующий процесс обращения денег, физических объектов, потоков информации, людей и других средств через границы государств; при этом один из субъектов процесса представлен иным государством¹.

Транснациональная преступность определяется как преступность, выходящая за границы одного государства, выражает тенденцию к международной интеграции организованных преступных формирований. При этом, понятие «транснациональная организованная преступность» (далее — ТОП) не ограничивается территориальной характеристикой, а представляет собой модель организации преступной деятельности и ее высококачественную систему преступного поведения.

По нашему мнению, в целях более глубокого изучения ТОП, как самостоятельного вида, необходимо отграничить ее от таких близких понятий, как международные преступления и преступления международного характера, одним из признаков которых также является «игнорирование государственных границ» при совершении преступной деятельности.

Несмотря на то, что в настоящее время проблематика международной и транснациональной организованной преступности широко исследуется учеными², в юридической науке взаимосвязь этих явлений до сих пор недостаточно изучена.

Анализ международных документов и юридической литературы свидетельствует, что термины «международный» и «транснациональный», касательно преступности, часто используются как равнозначные. Это оправдано тем, что указанные термины этимологически обозначают одно явление³. Однако, верная с языковой стороны квалификация анализируемых терминов с позиции реального функционирования является ошибочной.

Фактически сущность понятия «международная преступность» значительно шире, чем «транснациональная организованная преступность» и «преступления международного характера», которые являются ее структурными элементами. Необходимо отметить, что транснациональная преступность и преступность международного характера взаимодействуют с международной преступностью и в то же время имеют собственные отличия.

Международными преступлениями признаются деяния, запрещенные международными соглашениями, причиняющие вред всему мировому сообществу. Объектом этих преступлений с одной стороны являются правоотношения двух государств, с другой стороны, общие правоотношения, связывающие всех участников международного сообщества.

В.Пелла придерживается вышеназванной позиции и относит к наиболее опасным международным преступлениям: «агрессивную войну; военные, морские, воздушные, промышленные и экономические мобилизации, предпринимаемые с целью военных демонстраций; угрозу агрессивной войны; вмешательство одного государства во внутреннюю политическую борьбу или в осуществление суверенных полномочий другого; приготовление или допущение приготовлений на своей территории посягательств на безопасность другого государства, в частности, покровительство бандам, готовящимся к вторжению на территорию последнего; нарушение демилитаризованных зон»⁴.

Устав Нюрнбергского трибунала подразделяет международные преступления на преступления против мира, военные преступления и преступления против человечности.

В национальных уголовных законодательствах международные преступления, как правило, предусмотрены составами преступлений против мира и безопасности человечества. В Уголовном кодексе РК такие преступления закреплены в главе 4, к ним относятся: агрессивная война, ее развязывание, планирование, подготовка, публичные призывы; производство, приобретение или сбыт оружия массового поражения; экоцид; геноцид; наемничество; участие в иностранных вооруженных конфликтах; нападение на лиц или организации, пользующихся международной защитой; возбуждение социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни и другие⁵.

Для определения термина «преступления международного характера» учёный-юрист-международник Р.А. Каламкарян предлагает: «деяния, предусмотренные международными договорами, не относящимися к преступлениям против человечества, мира и безопасности, но посягающие на нормальные отношения между государствами, наносящими ущерб мирному сотрудничеству в различных областях отношений (экономической, социально-культурной, имущественной и т.п.), а также организациям и гражданам, наказуемые согласно нормам национального уголовного законодательства в соответствии с этими договорами»⁶.

В зависимости от объекта посягательства и степени международной опасности преступления подразделяются на следующие группы:

1) преступления против стабильности международных отношений (международный терроризм, захват заложников, преступления на воздушном транспорте, хищение ядерного материала, незаконный оборот наркотиков, контрабанда, нелегальная эмиграция, пропаганда войны и другие деяния, наносящие ущерб экономическому, социальному и культурному развитию государств;

2) фальшивомонетничество, легализация преступных доходов, посягательства на культурные ценности народов и др.;

3) преступные посягательства на личные права человека, рабство, работорговля, торговля женщинами и детьми, пытки, систематические и массовые нарушения прав человека и др.;

4) преступления, совершаемые в открытом море: пиратство, не оказание помощи на море, загрязнение морской среды, разрыв или повреждение подводного кабеля или трубопровода и др.;

5) военные преступления международного характера; применение запрещенных средств и методов ведения войны, мародерство, насилие над населением в районе военных действий и другие⁷.

Согласно статье 3 Конвенции ООН о транснациональной организованной преступности 2000 года, преступление носит транснациональный характер:

- если оно совершено в более чем одном государстве;
- если оно совершено в одном государстве, но существенная часть его подготовки, планирования, руководства или контроля имеет место в другом государстве;
- если оно совершено в одном государстве, но при участии организованной преступной группы, которая осуществляет свою преступную деятельность в более чем одном государстве;
- если оно совершено в одном государстве, но его существенные последствия имеют место в другом государстве⁸.

На IX Конгрессе ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями экспертами ООН была выдвинута классификация транснациональных преступных организаций по сфере их деятельности:

- незаконная торговля наркотиками;
- незаконная торговля ядерными и редкоземельными материалами;
- хищения и контрабанда автомобилей;
- организованные формы незаконной миграции и торговля людьми;
- использование игорного и шоу-бизнеса для «отмывания» преступных доходов;
- изготовление и подделка фальшивых денег, ценных бумаг и платежных документов и другие⁹.

На наш взгляд, данный признак является определяющим при отнесении преступной организации к транснациональной, т.е. является ли ее деятельность общественно опасной для одного или ряда государств, либо в целом для всего мирового сообщества.

При разграничении этих понятий важным компонентом является характеристика особенностей субъектов, осуществляющих данную деятельность, а также масштабы и степень организованности.

Относительно международных преступлений общепризнанной является возможность несения государством ответственности за совершение подобных преступлений¹⁰. В международном праве господствовало представление, что за все международные правонарушения несут ответственность только государства, являясь субъектами международного права.

Последующее развитие международных отношений, становление новых международно-правовых принципов, создание Международных Военных Трибуналов приводит к тому, что индивиды также являются субъектами уголовной ответственности за международные преступления.

Таким образом, к субъектами международных преступлений относятся: государства, их органы, а также физические, частные или должностные лица, конкретно совершающие эти преступления.

В указанном значении от международных преступлений следует отграничить преступления международного характера, которые также представляют международную общественную опасность, включая деяния, посягающие на интересы нескольких государств, но совершаемые лицами вне связи с политикой какого-либо государства, исключительно для достижения собственных противоправных целей.

Субъектный состав ТОП является более узким и имеет ряд особенных признаков, свойственных только ему. Специфическими признаками являются: высокий уровень организованности; этническая или семейная основа, наличие в других странах связей с преступными организациями, структурное сходство в своей деятельности с легальным бизнесом, а также в большинстве случаев связь с системой правоохранительных органов, использование коррупции и насилия в качестве основных методов достижения и защиты узкокорпоративных интересов. Так, основной группой субъектов ТОП являются сообщества и преступные организации, имеющие незаконные взаимоотношения в нескольких странах.

Кроме того, разграничительным признаком международных преступлений, преступлений международного характера и транснациональной организованной преступности является юрисдикция и юридические основания ответственности.

На преступления, которые посягают на мировой публичный порядок: военные преступления, геноцид, преступления против человечности и другие, распространяется универсальная юрисдикция, которая предусмотрена как в международных договорных инструментах, так и в национальном законодательстве некоторых стран.

В отличие от преступлений против мира и безопасности человечества преступления международного характера не находятся в непосредственной связи с действиями государств. В этих нормах налицо переплетение международно-правовых интересов с внутренней юрисдикцией соответствующих государств. Ответственность наступает на основе международного договора, но по внутригосударственному праву.

В юридической доктрине категорию транснациональных преступлений иногда называют «конвенционными», в связи с тем, что составы указанной категории преступлений предусмотрены в международно-правовых конвенциях. Юридическая ответственность за их совершение наступает по внутреннему уголовному праву государства, при этом страны участники конвенций по борьбе с транснациональной организованной преступностью обязуются криминализовать деяния, предусмотренные международно-правовыми актами и предусмотреть санкции за их совершение.

На основании вышеуказанного можем выделить ряд критериев, разграничивающих транснациональную организованную преступность от международных преступлений и преступлений международного характера (Таблица 1).

Критерии	Транснациональная организованная преступность	Международные преступления	Преступления международного характера
Объект	охвачена территория двух и более государств	мир и безопасность всего человечества	интересы двух и более государств
Субъект	преступные организации и сообщества	государства, их органы, физические, частные или должностные лица, совершающие данные преступления	физические лица
Ответственность	каждого индивида	государства, как субъекта международного права и исполнителя	каждого индивида
Юрисдикция	внутригосударственная	международная или внутригосударственная	внутригосударственная

Таким образом, учитывая объекты, субъекты, ответственность и юрисдикцию преступлений международного распространения, можем считать ТОП самостоятельным видом преступности, разграниченной от международных преступлений и преступлений международного характера.

¹ *Jessup Ph. C.* Transnational Law// New Haven. — 1956. — № 2. P.43.

² *Номоконов В.А.* Транснациональные признаки организованной преступности и международное регулирование // "Мировое сообщество против глобализации преступности и терроризма". Материалы 2-й Международной конференции. — М., 2004. С. 359-362; *Иванов Э.А.* Понятие транснациональной преступности и международно-правовое регулирование борьбы с ней // Преступность и законодательство. — М., 1997. С. 367-368. *Колосов Ю.М., Кривчикова Э. С.* Международное право: Учебник / Отв. ред. А. Н. Вылегжанин. — М., 2009. С. 1012.

³ Современный словарь иностранных слов. — М., 1992. С.616.

⁴ *Pella V.* La criminalité collective des Etats et le droit pénal de l'avenir. — Bucarest, 1925. P. 239-240.

⁵ Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>.

⁶ *Каламкарян Р.А.* Международное сотрудничество в борьбе с преступностью: учебник для академического бакалавриата. — М., 2017. С. 349.

⁷ Международное уголовное право: Учеб. Пос./Под общ. ред. В.Н. Кудрявцева. — М., 1999. С. 149.

⁸ Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности, принята резолюцией 55/25 Генеральной Ассамблеи от 15 ноября 2000 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime.shtml.

⁹ Справочный документ XI Конгресса ООН по предупреждению преступности и уголовному правосудию (Таиланд, Бангкок, 18-25 апреля 2005г.) «Эффективные меры борьбы с транснациональной организованной преступностью».

¹⁰ Bassiouni M.Ch. A Draft International Criminal Code and Draft Statute for an International Criminal Court. — Dordrecht, 1987. P. 48.

Қ. Н. Әбдікәрім — Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының ІА курсының курсанты;

Ғылыми жетекшісі — Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының редакциялық-баспагерлік жұмысын ұйымдастыру тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Ш. Ө. Смағұлова.

БҰҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРҒАНДАРЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

Қазіргі заманда әртүрлі қоғамдық іс-шаралар бұқараның әлеуметтік белсенділігінің ең өзекті пішіні болып табылады және жеке тұлғаның мемлекеттің саяси өмірімен, мәдениет, спорт және өнер саласының жетістіктерімен тікелей қарым-қатынасындағы қажеттілігін қанағаттандырады. Азаматтардың қазіргі кездегі конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру негізінен мемлекеттік органдар, саяси партиялар немесе қозғалыстар, сондай-ақ әртүрлі кәсіподақтар, мәдениет, спорттық, діни және өзге де ұйымдар өткізетін қоғамдық бұқаралық іс-шараларға белсенді қатысуымен байланысты.

Қоғамдық бұқаралық іс-шаралар, әдетте, көптеген азаматтарға қолжетімді және көшелерде, алаңдарда, қоғамдық ғимараттарда, саябақтарда, спорттық көрермендер алаңдарында, концерттік залдарда, қалалар мен елді мекендердің басқа да қоғамдық орындарында өткізіледі.

Қоғамдық және әуесқой ұйымдардың, азаматтардың бастамасымен ұйымдастырылған әртүрлі бұқаралық іс-шаралар, кездесулер, бейбіт жиналыстар, көше шерулері және демонстрациялар басқа бұқаралық шаралардан нақты түрде бөлінуі керек.

Бұқаралық іс-шара — бұл бейбіт тұрғындардың көп мөлшерде қатысуымен өтетін әлеуметтік өмірдің әсері мен құбылыстарының жиынтығы, саяси, рухани және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, сондай-ақ бостандықтар мен құқықтардың іске асуының актуалды пішіні, бейбіт азаматтар арасында әлеуметтік қарым-қатынас, азаматтардың, жеке тұлғаның, ұжымның және қазіргі заманғы қоғамның біртұтастығын дамыту жолдары болып табылады¹.

Қоғамдық іс-шараларды өткізу кезінде құқық қорғау органдарының алдын алуға міндетті:

- бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру орындарында қалыпты жағдайлар жасау;
- қатысушылар мен көрермендердің қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- осы құзырлық шеңберінде бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушыларға барлық түрдегі көмек көрсету;
- іргелес аумақта қоғамдық тәртіпті бақылау және жүргізу.

Осы кезеңде қоғамдық тәртіпті қорғау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бұқаралық іс-шараларды өткізу қарапайым және арнаулы полиция жасақтарының көмегімен жүзеге асырылады.

Біріншісіне полиция бөлімшелері, патрульдер, патрульдік топтар, авто патрульдер, екіншісіне, полициялық тізбектер, дәліздер, арнаулы полиция күзетшіктері, эскорттар, полиция бекеттері, арнаулы қадағалау бекеттері, кедергілер, жол қозғалысын қадағалау жөніндегі арнайы полиция бекеттері, резервтік топ жатады².

Қоғамдық тәртіпті қорғау туралы шешім жобасын әдетте қылмыстық полицияның, жергілікті полицияның, жедел-техникалық бөлімнің және басқа да тиісті қызметтердің қызметкерлері жүзеге асырады.

Жоспарланған іс-шараның шешімін дайындау үрдісі дайындалған бағдарламаны және қоғамдық іс-шараны өткізу шарттарын зерттеуден басталады.

Төмендегі нақты деректер әзірленген бағдарламада көрініс табады:

- орын туралы ақпарат пен мінездемесі, іс-шараның өткізілетін уақыты;
- қатысушылар саны;
- олардың маршруттарының сызбалары;
- олардың шоғырлану жерлері;
- медициналық пункттер, сауда орындары, автокөлік тұрағы және өзге де арнайы автокөліктердің шоғырлануы;
- ауа-райы;
- объектінің өрт қауіпсіздік жағдайы;
- қоғамдық дәретханалардың болуы;
- бұрын жасалған қылмыстардың себептері мен жағдайлары;
- күтпеген жағдайларды болдырмау үшін бұқаралық спорт, мәдени-ойын-сауық мекемелері мен объектілерді комиссиялық тексеру;
- дұрыс шешімдерді әзірлеу және бұқаралық іс-шараның әртүрлі түрін табысты өткізу үшін маңызды болып табылатын басқа да стратегиялық деректер.

Жоғарыда келтірілген ақпараттар басқару шешімдерін әзірлеу үшін маңызды болған, бұқаралық іс-шараларды жүргізу кезінде операциялық ортаны бағалау мен талдау кезінде де қолданылады. Құқық қорғау органдарына уақтылы тапсырылған, түрлі өткізілетін бұқаралық іс-шаралар туралы егжей-тегжейлі ақпарат осы жағдайларда қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ететін нақты жоспарды әзірлеуге және қажет болған жағдайда жоспарға тиісті түзетулер жасауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық бұқаралық, спорттық, мәдени, діни және саяси оқиғалар әртүрлі болып келеді, қоғамдық тәртіпті мақсатты түрде қорғау үшін, оларды ұйымдастыру және өткізу кезінде, оларды жіктеуге болатын критерийлерді ескеру қажет. Қоғамдық бұқаралық іс-шаралардың мазмұны, масштабы, орын жиілігі, қатысушылардың саны және ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны бойынша жіктеуге болады, осы критерийлерді есепке алу қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті сақтаудағы әкімшілік және құқықтық құралдарды дұрыс таңдауға ықпал ете алады.

Қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қорғау, жаппай іс-шаралар, жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттердің әртүрлі түрлері кезінде мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады :

- бұқаралық іс-шараны табысты өткізу үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдағы серіктестік пен қажетті көмек көрсету;
- қоғамдық іс-шаралар өткізілетін жерлерде құқық бұзушылықтардың әртүрлі түрлерінің алдын алу және жолын кесу;
- іс-шара жүзеге асырылмайтын аумақта қоғамдық тәртіпті қорғаудың әлсіреуіне жол бермеуді бақылау;
- қоғамдық орындарда белгіленген конституциялық нормалардың іс-шараға қатысатын азаматтармен қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

Қоғамдық митингілер, кездесулер, бейбіт жиналыстар, демонстрациялар, шерулер мен пикеттер кезінде құқық қорғау органдарының қызметі шартты түрде үш кезеңге бөлінеді: дайындық, атқарушылық және қорытынды³.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдер қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау кезеңдері бірі бірімен тікелей байланыста болады, сондай-ақ жиналыстарда, митингілерде, демонстрацияларда, шерулер мен пикет ұйымдастыруда, іс-шараларда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етілуін жоспарлаудың сапасы қаралған саладағы құқық қорғау қызметіне тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде белгілі бір мәселені шешу, қоғамдық тәртіпті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысатын құрамамен кездесулер, брифингтер, дайындықтар және тренингтер, қоғамдық іс-шаралар өткізу аймағында регламенттік шектеулерді енгізу және алып тастау маңызды.

Жоғарыда аталған кешенді орындау, бұқаралық іс-шараларды дайындау және өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұйымдық жұмыстар күштер мен құралдарды сапалы басқаруға, іс-шараның сәтті өтуіне маңызды мөлшерде ықпал етеді

Осылайша, бұқаралық іс-шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті тиімді қорғау олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанының нақты анықтамасына байланысты. Осыған орай, бұқаралық іс-шара азаматтардың, қонақтардың және жергілікті тұрғындардың көп санын тартатын қоғамдық, саяси, мәдени, спорттық және басқа да іс-шара ретінде айқындалады,

әдетте бұл іс-шаралар қалаларда және басқа елді мекендерде өткізіледі және оларға көрші елді мекендер мен аумақтарды қамти алады.

- ¹ **Чичин С.В.** Маңызды объектілерді қорғау және қорғау үшін АТС бөлімшелеріне қызмет көрсетудің ұйымдастырушылық-тактикалық негіздері: оқу-әдістемелік құралы. — М.: ИМ Ресей Федерациясы, 2006. - 72 б.
- ² Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі. Бөлік ерекше. Оқу құралы / Под ред. А.П. Коренева. – М.: Ресей ИМ Мәскеу академиясы, Шит-М, 2002. - 362 б.
- ³ «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 Заңы, (20.12.04 ж. редакцияда).

Д. Ж. Әділ — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандығының 4-курс студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кафедра доценті, заң ғылымдарының кандидаты А. Қ. Курманова.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ПРОКУРОРДЫҢ ОРНЫ

Прокурордың азаматтық процеске кіруінің негізі сот өндірісінде заңдылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен функцияларын, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерін қорғау қажеттілігі болып табылады. «Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан прокуратура органдары жүзеге асырады.

Аталғандарға сәйкес прокуратура мемлекет атынан республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлықтарының, сонымен қатар, басқа құқықтық актілердің орындалуын қадағалау функциясын жүзеге асырады. Қадағалау функциясын жүзеге асыру кезінде прокурор заңға тәуелді құқықтық актілерге, оның ішінде, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен іс жүргізу заңдары тәртібімен белгіленген сот органдарының актілеріне наразылық келтіруге және тоқтатуға құқықты. Прокурор азаматтық сот ісін жүргізуге сот шақырған, немесе оның қатысуын керек деп шешкен, немесе заңда көрсетілген негіздер бойынша, қаралып жатқан азаматтық іс бойынша заңға сәйкестігі туралы нәтиже шығару қажеттігі бойынша қатысады.

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйым құқықтарының функцияларын, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы.

Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және азаматтық мәртебесін белгілеу, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, прокурор тек мүдделі адамның өтінішімен ғана талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан, талап қоя алады.

Егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талапты (арызды) қараусыз қалдырады.

Талап қойған прокурор, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, сонда-ақ барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Оның басқа тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін талап қоюдан бас тартуы ол тұлғаны істің мәнісі бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.

1997 жылғы 31 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің қаулысын талдау туралы» қаулыға сәйкес прокуратура мемлекет атынан республиканың аумағында заңдарды, кодекстерді, басқа нормативтік құқықтық актілерді қолдануын қадағалауды жүзеге асырады. Осы функцияны жүзеге асыру барысында прокурор «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, заңға тәуелді құқықтық актілерге, іс жүргізу заңдары тәртібімен

белгіленген сот органдарының актілеріне наразылық келтіруге және тоқтатуға құқықты. Сот органдарының актілері — үкімдер, шешімдер, қаулылар және нақты азаматтық талап арыздар бойынша анықтаулар құқықтық нормаларды қолданудағы құқықтық актілер болып табылады және егер олар мемлекет аумағында қолданыстағы заңдарға сәйкес қабылданса, республиканың барлық аумағында міндетті заңды күшін иеленеді¹. Осыған байланысты, прокуратура өз міндеттерін жүзеге асыру үшін: біріншіден, егер прокурор оларды зерделеудегі қорытынды бойынша осы актілердің заңға сәйкес емес келмейтіндігін немесе олардың негізсіздігі туралы тұжырымға келген жағдайда, сот актілеріне қалай наразылық келтіретінін; екіншіден сот актілерінің орындалуын қалай тоқтату керек екендігін түсінулері керек. Көрсетілген прокурорлардың құқықтары азаматтық заңның нормаларына сәйкес іске асырылу керек.

Мемлекеттің қолданыстағы заңдарына сәйкес прокурорлар соттарда азаматтық істерді қарауға қатысады, сот актілеріне наразылық келтіреді, егер олар негізсіз болса, олардың орындалуын тоқтатуға құқықты. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу саласында негізгі қайнар көзінің 44-бабына сай іске қатысушы тараптар: даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдейтін үшінші тұлғалар; даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқаратын органдар, ұйымдар немесе осы Кодекстің 56 және 57-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске қатысатын жекеленген азаматтар, ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен мүдделі адамдар, яғни іске қатысушы тұлғалар болып танылады.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысуының 2 нысаны көзделген:

- талап қою, сотқа арыз;
- басқа адамдардың бастамасы бойынша басталған процеске қатысу².

Прокурордың талап қоюы бойынша істі қозғау. Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделердің, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және құқықтық мәртебесін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, прокурор тек мүдделі адамның өтінішімен ғана талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан, талап қоя алады. Психиатриялық стационарға азаматты мәжбүрлеп жатқызу туралы іс прокурордың арызы бойынша ғана сотқа беріледі³.

Прокурор нақты субъектінің құқықтары мен құқықтық міртебесін қорғау туралы талап қойғанда, заңмен көзделген талаптар сақталуы тиіс. Сонымен қатар, прокурордың басқа адамдардың құқықтары мен құқықтық мәртебесін немесе мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуінің ерекшеліктері бар:

1) ол мемлекеттік баж және басқа да сот шығындарын төлеуден босатылады⁴;

2) прокурор әрекетке қабілетті болғандықтан, оған заңды түрде сотқа шағымдану және істі жүргізу өкілеттігі берілген, Азаматтық процесік кодекстің 115-бабындағы 3 және 4-тармақшаларының прокурорларға қатысы жоқ.

3) мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғау үшін прокурордың берген арызында мемлекеттік немесе қоғамдық мүдде неден тұратыны, қандай құқықтың бұзылғаны туралы негіз, сондай-ақ заң немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерге сілтеме болуы керек. Прокурор азаматтардың заңды мүдделерін қорғау үшін өтініш жасаған жағдайда талап арызда азаматтың өзінің талап қоюы мүмкін еместігінің себептеріне негіздеу болуға тиіс; арызға, әрекетке қабілетсіз адамның мүдделері үшін арыз беретін жағдайларды қоспағанда, азаматтың сотқа талап қоюмен жүгінуге келісімін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс⁵.

Сонымен қатар, 2000 жылғы 30 қазандағы Кеңестің №15 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің 2000 жылғы 30 шілдедегі «Азаматтық іс жүргізудің кейбір нормаларын соттардың қолдануы туралы» №9 қаулысындағы мынадай түсіндірулерді ескеру қажет: Азаматтық процесік кодекстің 136-баптарының талаптары. Егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды (арызды) қарасыз қалдырады⁶. Прокурордың басқа тұлғаның мүдделерін қорғау үшін талап қоюдан бас таруты ол тұлғаны істің мәнісі бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды⁷. Мұндай жағдайда, егер талапкер талапты қарауды талап етсе және мемлекеттік бажды төлемеуден босатылмаса,

жалпы тәртіппен мемлекеттік бажды төлеуге міндетті. Азаматтық процестік кодекстің 55-бабында прокурор ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын және құқықтық мәртебесін қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы деп белгіленген. Іс жүргізу нормаларының осы негізділігі келесі міндеттердің күшінде кейбір сенімсіздіктерді тудырады.

Біріншіден, Прокуратура туралы заңның 28-бабына сәйкес прокуратура ұйымдардың қызметіне араласпайды. Прокурор ұйымдардың мүдделері үшін істерді қозғауын олардың қызметіне араласу ретінде қарау керек. Ұйым дербес субъект ретінде диспозитивтік қағидаттардың іс-әрекеттерін негізге ала отырып, оның дауланған немесе бұзылған құқықтарын қорғау үшін сотқа шағымданулары немесе шағымданбаулары туралы мәселені өзі шешуге құқықты.

Екіншіден, ұйымның оған жасаған өтініші негізінде прокурордың істі қозғауы заңсыз болар еді, өйткені прокурор Азаматтық процестік кодекстің 55-бабындағы 3-тармағында көзделген мән-жайға сәйкес азаматтардың мүдделерін қорғау үшін талап қоюға құқықты. Ұйым — әрқашанда құқықты субъектілі тұлға, сондықтан сот тәртібінде ол өзінің құқықтары мен құқықтық мәртебесін қорғауға қабілетті. Үшіншіден, істің прокурордың қозғауы арқылы ұйымға өзінің құқықтары мен құқықтық мәртебесін қадағалау үшін мүмкіндік беру қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіреді, өйткені мұндай жағдайда мемлекеттік бажбен талап арыз төленбейді. Прокурор сот талдауы барысында туындаған және тұтасымен істің мәні бойынша жеке мәселелерге қатысты қорытынды бере алады. Прокурор істі қозғау немесе қорытынды беру үшін басталған процеске қатысу жолымен соттың бірінші сатысына қатыса алады. Процеске қатысушы тұлға ретінде, прокурор іс материалдармен танысуға, қарсылықтарын мәлімдеуге, дәлелдемелерді табыс етуге, дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, өтініш жасауға, сондай-ақ басқа іс жүргізу әрекеттерін жасауға және Азаматтық процестік кодекстің 47-бабында көзделген міндеттерді орындауға құқылы⁸.

Соттың бірінші сатысында іс жүргізу кезінде прокурордың өкілеттілігі көлемінің айырмашылығы оның процесс нысанына байланысты. Мұндай айырмашылық соттың апелляциялық және қадағалау сатыларына қатысуы кезінде прокурордың құқықтары мен міндеттерінің кешені үшін сипат алады. Талап қойған прокурор, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады.

Егер азаматтық істі прокурор қозғаса, онда Азаматтық процестік кодекстің 213-бабына сәйкес қорытынды беруге құқықсыз. Азаматтық процеске қатысу және іс бойынша қорытынды беру үшін оған қатысушы прокурор іс жүргізу құқықтарын пайдалануға және Азаматтық процестік кодекстің 47-бабына сәйкес іс жүргізу міндеттерін мойнына алады. Қатысушы прокурор апелляциялық наразылық келтіруде істі қарауға құқықты. Бас прокурор, оның орынбасарлары, облыс прокурорлары және прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары өздерінің құзыреттері шегінде істі қарауға қатысуына қарамастан, заңды күшіне енбеген сот шешімдері және анықтауларын қайта қарау бойынша іс жүргізуді қозғай алады⁹. «Прокуратура туралы» Заңның 30-бабындағы 2-тармағында заңды күшіне енбеген бірінші сатыдағы соттың заңсыз және негізсіз шешімдеріне наразылық келтіру олардың іске қатысқанына және қатыспағанына және іске қатысу қандай нысанда болғанына қарамастан, жоғарыда аталған прокурорлардың міндеттемелерін құрайтынын нақтылайды.

Сот қадағалау органдарының заң күшіне енген сот актілерін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Бас прокурордың орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуроры, прокурорлар наразылық келтіруге құқықты. Құқықты қолдану тәжірибесінде прокурордың сот актілерін наразылық келтіру құқығын көздейтін заң нормаларының конституциялығы туралы мәселе бар. Конституцияның 83-бабындағы 1-тармағына сәйкес прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар, басқа нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіреді.

Прокурордың наразылық келтіруі сот жіберген заңның бұзылуын прокурорлық реттеудің құқықтық құралы болып табылады. Егер іс наразылық келтіру бойынша қаралса, апелляциялық және қадағалау сатыларына прокурордың қатысуы міндетті болып табылады. Апелляциялық және қадағалау сот сатысының осы бөліміндегі прокурордың құқықтары бірінші сот сатысындағы прокурордың құқықтарынан ерекшеленбеу керек. Бірінші сатыдағы сотта істі қозғаған прокурор қорытынды беруге құқығы жоқ¹⁰.

Прокурор істі қарауға қатыса алмайды және қарсылық білдіреді, егер ол:

1) осы істі мұның алдындағы қарау кезінде куә, сарапшы, маман, аудармашы, өкіл, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы, сот приставы ретінде қатысса;

2) іске қатысушы адамдардың немесе олардың өкілдерінің біреуінің туысы болса;

3) істің нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі не оның әділдігіне күмән туғызатын өзге де мән –жайлар болса, ол істі қарауға қатыса алмайды және оған қарсылық білдіруі тиіс.

Аталған мән-жайлар болған кезде прокурор өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Сол негіздер бойынша іске қатысатын адамдар қарсылық білдіретінін мәлімдеуі мүмкін. Өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру істің мәні бойынша қарау басталғанға дейін дәлелденіп, мәлімденуге тиіс. Істі қарау барысында өздігінен бас тарту туралы мәлімдеме жасауға өздігінен бас тарту негіздері сотқа немесе өздігінен бас тартуды мәлімдеуші адамға істі қарау басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі.

Прокурордың өздігінен бас тарту туралы мәселені істі қараушы сот шешеді. Осы мәселе бойынша сот шағымдануға жатпайтын анықтама шығарады. Анықтамаға келіспеушілік туралы дәлелдер апелляциялық немесе қадағалау шағымдарына, наразылық келтіруіне енгізілуі мүмкін¹¹.

¹ Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N2709 (2015ж.24.11. өзгертулерімен және қосымшалармен).

² Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ Кодексі.

³ Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік Кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі.

⁴ Бұл да сонда.

⁵ Бұл да сонда.

⁶ Бұл да сонда.

⁷ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІ Кодексі.

⁸ Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік Кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі.

⁹ Бұл да сонда.

¹⁰ Бұл да сонда.

¹¹ Бұл да сонда.

Әділгерей Ж. Ф. — слушатель специального первоначального обучения Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М.Букенбаева, рядовой полиции;

Научный руководитель — инспектор отдела организации научно-исследовательской и редакционно-издательской работы Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М.Букенбаева старший лейтенант полиции Каратикенова Д. К.

ИНСТИТУТ ВОЗМЕЩЕНИЯ ВРЕДА: АСПЕКТЫ КОМПЕНСАЦИИ И ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Институт возмещения вреда, причиненного нарушением сложившегося правопорядка, обычно в литературе и даже законодательстве отождествляется с гражданско-правовой ответственностью. Такая практика, на наш взгляд, нуждается в своих дальнейших исследованиях.

Понятие юридической ответственности в теоретической литературе формулируется многозначно. В широком смысле юридическая ответственность рассматривается как правовой институт, включающий совокупность материальных и процессуальных норм и разрешенных и защищаемых государством способов и мер принудительного и неблагоприятного воздействия на лиц, которые уклоняются от добровольного исполнения возложенных на них юридических обязанностей, договорных обязательств либо нарушают установленный действующим законодательством сложившийся правовой порядок. Такая ответственность — обязательный механизм правового регулирования общественных отношений и защиты прав, свобод и законных интересов граждан и юридических лиц, иных субъектов — участников общественных отношений. Она

побуждает и "принудительно стимулирует" право обязанных и право уполномоченных субъектов к поведению в рамках, предписанных законом. Способы и меры такого побуждения многообразны и конкретны. Они, как правило, имеют отраслевую сущность и содержание, отвечающее социальной и иной природе общественных отношений, регулируемых правом.

Гражданский кодекс Республики Казахстан предусматривает ответственность за нарушение договорных обязательств и обязательств в следствии причинения вреда. В первом случае должник возмещает кредиторю убытки, причиненные неисполнением обязательства. Под убытками здесь понимаются расходы, которые лицо, чье право нарушено, произвело или должно будет произвести для восстановления нарушенного права трату или повреждение его имущества, а также неполученные доходы, которые это лицо получило бы при обычных условиях гражданского оборота, если бы его право не было нарушено (упущенная выгода), реальный ущерб. Как видим, в данном случае речь идет не о юридической ответственности в смысле возложения на правонарушителя неблагоприятных юридических имущественных последствий, а предусматривается компенсация убытков, по принципу: причинил убытки — возмести их. Для правонарушителя здесь нет никаких правовых санкций, наказаний, кары, которые должны следовать за совершенное правонарушение. Здесь царит принцип справедливости: кто причинил убытки, тот их компенсирует. Неблагоприятные последствия, которые вступают обязательным элементом ответственности, при возмещении убытков отсутствуют.

Гражданско-правовая ответственность в аналогичных случаях проявляется, например, лишь тогда, когда законом и договором предусматривается взыскание сверх убытков неустойки или других дополнительных мер (штрафа, пени и т.д.).

Сходную законодательную практику мы наблюдаем при возложении гражданско-правовой ответственности во внедоговорных отношениях. Вред, причиненный личности или имуществу гражданина, а также вред, причиненный имуществу юридического лица, подлежит возмещению в полном объеме, причинившим вред¹. Здесь также имеет место возложение на правонарушителя всего лишь исполнение компенсационной обязанности. И лишь когда законом или договором может быть установлена обязанность причинителя вреда выплатить потерпевшему компенсацию сверх возмещения вреда, возникает юридическая гражданско-правовая ответственность в истинном смысле ее сущности, как неблагоприятного последствия для виновного лица.

Эти законодательные предписания наводят нас на следующие раздумья: а правильно ли ставить знак равенства между понятием вреда, убытков и ответственности?

Понятие вреда в теоретической литературе и законодательстве четко не сформулировано. В филологическом смысле "вред" отождествляется с "ущербом", "порчей", а ущерб рассматривается как убыток, потеря, урон. Употребление в филологии синонимов (тождественных терминов, понятий) — дело закономерное и целесообразное. Они украшают художественные повествования, делая его многоцветным и ярким. Можно ли и нужно ли использовать синонимы в законодательной и правоприм. тельной практике? Мы отрицательно оцениваем такой подход. Правовые синонимы неизбежно вызывают противоречивые подходы в толковании и применении законов и подзаконных нормативных правовых актов. Они неизбежно вызывают разногласия в их содержании и сущности².

Анализируя общие признаки выделения институтов как самостоятельных правовых категорий, автор выделяет основные элементы института возмещения вреда жизни или здоровью гражданина. В качестве институтообразующих элементов института возмещения вреда, причиненного жизни или здоровью гражданина, соответственно можно выделить: предмет — отношения по восстановлению нарушенных прав относительно жизни и здоровья гражданина (физическое здоровье, психическое здоровье и т.д.); метод — императивный с элементами диспозитивности при наличии автономии воли, волеизъявления и инициативности субъектов отношений; институциональные принципы — принцип полного возмещения вреда, всестороннего возмещения вреда; принципы реализации норм института — принцип доступности, принцип простоты, принцип комплексной оценки физического состояния гражданина на основе учета всех факторов причинения вреда и т.д.; функции — компенсационная функция, функция защиты, предупредительная функция³.

Институту возмещения вреда присущи общие принципы гражданского права (принцип недопустимости произвольного вмешательства кого-либо в частные дела; принцип юридического равенства участников гражданско-правовых отношений и т.д.). Вместе с тем необходимо выде-

лить принципы, характеризующие рассматриваемый институт. Они имеют двойственную характеристику. Одни направлены на существование положений института. Это, например, принцип «всестороннего» возмещения вреда, который проявляется в сочетании конкретных видов возмещаемого вреда: реальный вред, упущенная выгода, моральный вред. Другие имеют направление на реализацию основных правоположений данного образования: принцип доступности – это принцип, раскрывающий возможность любого субъекта гражданско-правовых отношений, вне зависимости от социального статуса, религии, пола и т.д., обращаться за защитой своего нарушенного нематериального блага, принцип простоты – это принцип, позволяющий свободно выражать свое мнение в любых соответствующих органах без специального знания гражданского и иного законодательства с целью защиты и компенсации нарушенных нематериальных благ; принцип комплексной оценки физического состояния гражданина, реализуемый на основе учета всех факторов причинения вреда (экологических, психологических, материальных и т.д.). Факторы, влияющие на состояние здоровья и жизнь человека, отражены в ряде научных трудов.

По нашему мнению, институт возмещения вреда сочетает в себе компенсационную функцию — потерпевший имеет возможность восстановить свои нарушенные нематериальные блага если не полностью, то в некоторой части, превентивную функцию, закрепляющуюся в нормах института; восстановительную функцию, раскрывающуюся в комплексе с компенсационной, если будет произведено возмещение (право восстанавливается, но о полном восстановлении можно говорить лишь относительно); воспитательно-предупредительную функцию, которую реализует не только законодатель, но и, например, родители, которые несут ответственность за действия своих детей. Функция защиты имеет общий характер, т.к. она находит свое проявление во всех институтах и отраслях.

Анализируя вышесказанное, необходимо отметить, что структура института носит двухуровневый характер. Первый уровень включает совокупность норм общего действия, определяющий понятийный аппарат данного института: убытки, моральный вред, дееспособность и т.д. Второй уровень – это система отдельных субинститутов: возмещения вреда, причиненного публичной властью, возмещения вреда, лицами с пороками в правосубъектности, возмещения вреда, причиненного в состоянии возникновения угрозы повреждения жизни или здоровья гражданина, возмещения вреда субъектами, причинившими вред при исполнении определенных обязанностей либо с использованием определенных механизмов. Вышеуказанные субинституты могут включать дробные подразделения правовых норм, например; субинститут возмещения вреда, причиненного публичной властью, подразделяется на блок норм об ответственности за вред, причиненный незаконными действиями органов дознания, предварительного следствия, прокуратуры и суда, и раздел норм об ответственности за вред, причиненный государственными органами, органами местного самоуправления, а также их должностными лицами. Деление на более дробные правовые нормы обусловлено теми признаками, которые лежат в основе формирования самого института: целями, задачами, объектом, субъектом правоотношений и т.д. Например, вышеуказанный субинститут делится на отдельные нормы по субъектному составу. На наш взгляд, прослеживается прямая связь, опосредующая взаимодействие иных правовых норм и институтов с гражданско-правовым институтом возмещения вреда, причиненного жизни или здоровью гражданина. Решение вопроса возмещения вреда непосредственно связано с правовой категорией (вред, убытки, и т.д.). Также влияние на соотношение оказывает круг субъектов, являющихся участниками отношений по возмещению вреда. Это могут быть как родители, так и опекуны и попечители, как физические, так и юридические лица. Соответственно, формой взаимосвязи института возмещения вреда с институтами общей части гражданско-правовой отрасли является существование единого понятийного аппарата, определяющего основные начала применения деликтных норм.

¹ Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая часть) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.) // online.zakon.kz.

² *Сергеев А.П.* Гражданское право: Учебник в 3-х томах. — М., 2005. Том 3.

³ *Камбарова Н.Ш.* Гражданско-процессуальное право РК: Учеб.пос. — Алматы: Издательство «NURPRESS», 2014.

А. Әділханова — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенті;

А. Амангелді — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кафедра доценті заң ғылымдарының кандидаты, доцент А. С. Смагулова.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ құқығының тағы бір ерекшелігі — негізгі биліктің «Дала заңы» билігінде болуы. Сөз еркіндігі, жөн сөзге ұмтылу, имандылыққа жетелеп, заңдылықтың жоғары дәрежені иеленуіне жол ашты. Ал оны жетілдіріп, қорын сақтаушысы, әрі жүзеге асырушылары — билер болды. Мұндай құбылыс әлемдегі өзге халықтар маңдайына жазылған жоқ. Оларда заң таптық шеңбер ішінде қалып қойды. Мысалы, әлемдегі алғашқы дін иудаизм — Израил аумағынан шыға алмады, әрі адам құқықтары мен бостандықтарына жету жолдарын нақты көрсетіп бере алмады. Тіпті әйел затын арам санап, құқықтарынан мақұрым етті. Ал индуизм діні адамдарды кастаға (сортқа) бөліп, адам құқығы мен бостандықтарын аяққа таптады. Индуизмде: «Егер Брахман төменгі кастаға жататын адамнан алған қарызын кері қайтармаса, төменгі касталық адам оны қайтаруды талап ете алмайды. Ал егер төменгі кастадағы адам Брахманнан қарыз болса, онда ол Брахманға қарызы түгел біткенше құл болып жұмыс істеуі тиіс», – деп жазылған¹. Қытай, ежелгі Рим, т.б. заңдарда да әлеуметтік теңсіздікті көреміз.

Қазақ әдет-ғұрпы адам құқықтары мен бостандықтарына шек қоймай, барлық адамды тең санаған. Өйткені, бәрін жаратушы — тәңірі, бәріміз тәңірі алдында теңбіз деген ұғым қалыптасқан. Біздің ата-бабаларымыз көне замандардың өзінде-ақ әділдіктен аттамаған. Қоғамда әділдіктен аттап, өтірік сөйлегендер, адам құқығы мен бостандықтарын аяққа таптағандар қоғамнан шеттелінген. Мысалы, өтірік куәлік берген, не болмаса өтірік ант ішкендер босағаға отырған, кішкентай бала келсе де, орнын босатып, далаға шығып кеткен. Қазақ қоғамында адам құқығы мен бостандықтарына күні кешеге дейін кепілдік беріліп келген. Ол кепілдікті бүкіл қоғам болып қорғаған. Мысалы, үйге келген қонаққа тиесілі, құрмет көрсетілмесе, ол мейлі таныс емес, жат адам болсын, биге шағым айтса, үй иесін ат-тон айыпқа жазалаған. Шындық пен әділдікке жету тағы бір ерекшелігі. Өйткені, билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты да — осы. Әділ билік қазақ халқының құқықтық құндылығын ешуақытта да төмендетпеген. Мұндай жүкті көтерген билер жоқтан бар етіп, халықтың мақсат-мүддесін ақтауға, еркіндікті мәңгілік етуге ұмтылған әділ төреші, ақыл мен арды тең ұстаған, әрі шешен болған. Сондықтан да мұндай билер: «дауды қарастыруда қарапайымдылықты сақтап, сот әділдігі мол дәлелдеу бостандығын қамтамасыз етті, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігін шектемеді, тараптарды татуластыруға тырысты және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындаған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз етті, бұл билер сотының формасы мен мазмұнын құрады»². Қазақ әдет-ғұрпындағы адам құқығы мен бостандықтарын қорғауда әділ сот пен шешендік ділмәрлықтың да рөлі ерекше болды. Осы тәсілмен жүргізілген билік шешімдер өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Оны жиналған халық та, естіген ел де разылықпен құптады. Қоғамды ұлт ретінде пісіп-жетілуіне де әсері көп болды. Қоғамдық ой мен ұлттық мәдениеттің демократиялық сипатта кемелденуіне түрткі болды. Көшпелілер де азаттық, еркіндік, әділдік, бостандық және теңдік ұғымдары қалыптасты. Көшпелілер үшін еркіндіктен айырылу біреуге басыбайлы құл болу ретінде қаралды. «Азаттық, бостандық, еркіндік — көшпелілер үшін, — деп жазады белгілі заңгер З.Кенжалиев, жай ғана ұғым – сезімдер емес, өмірлік құбылыстар, қоғамдық шындықтар еді. Олар оны өз өмірлерінің айнымас серіктері деп ұғынды, сезінді. Бұл құбылыстарды олар тұтастай қабылдады, өз өмірлерінен, іс – қимылдарынан, сөздерінен, ойларынан бөле – жарған жоқ, келісінше солардың өзегі, ажырамас белгісі, мәні әрі қасиеті деп түсінді. Сондықтан халық өзінің азаттығын, еркіндігін көзінің қарашығындай сақтап, қадірледі»³. Шешендік, ділмәрлықпен айтылған сөз сүйектен өтіп, адам бойында мәңгілік қалады. Қандай түрде, қандай нысанда болса да, құрылғанымен мемлекет өз қарауындағы қоғам мүшелеріне адал да әділ қызмет етсе, ондай басқару жүйесін бүкіл қоғам болып қолдайды.

Мұндай мемлекет өзінің алдындағы дәстүрлі басқару жүйесіне сабақтастыра отырып өз билігін алып барады. Қазақ қоғамы дәл осылайша көнеден қалыптасқан басқару жүйесін ұзақ уақыт сақтап қалды. Өйткені, хандық жүйе құқықтары мен бостандықтарын барлық уақытта қорғады, ел басқарушылары өзін-өзі басқару жүйесімен әділ басқарды, мемлекеттік істер ақылдаса отырып шешілетін мәжілісте шешілді, мемлекет басшысы өз елін өзгелерден қорғауды ұйымдастырды, жеңілген халық болса, оларға тирандық жолмен емес, адамша қарады, қолға түскендерге аяушылық білдіріп, адамдық қадір – қасиетін таптамады, әрдайым қол астындағы халықтың ауызбіршілігі мен тыныштығы сақталды. Сондықтан болар, қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің қаймағы бұзылмай, ұзақ мезгіл сақталғандығы. Қазақ даласын жүріп өткен шетелдік жиһанкездер ондағы бейбіт өмірді, қонақжайлылықты, ұрықары, күш көрсету, тонау мүлдем жоқ екендігін, қай жерде, қай үйде болмасын есігі ашық, көкіректен кері итермейтінін тамсана жазғаны баршамызға белгілі.

Өйткені, ұлан-асыр қазақ даласында адам құқығы мен бостандықтары қастерленіп, оны кез-келген қоғам мүшесі қатаң сақтаған. Дәстүрлі қазақ қоғамында билікке, адам аралық қатынастарды реттеуге, қоғамдық тәртіпке деген көзқарастар есте жоқ ерте пайда болып, үздіксіз дамып отыран⁴.

Адам құқығы мен бостандықтарына деген көзқарастың дамуына дәстүрлі қазақ қоғамындағы дүниетанымдық ой-пікірлер игі әсер етті. Бұл да — бір ерекшелігі. Себебі, дәстүрлі қазақ қоғамында билік, байлық деген нәрселер, екінші мәселе болып, адамның ар-ұяты, ар-ожданы, денсаулығы, өмірі бірінші орында қаралды. Байлық, билік уақытша нәрсе, мәңгілік емес. Билік пен байлық қолдың кірі іспетті, жусаң кете қалады. Байлық та, билік те баста құндылық емес. Ең басты құндылық — әділеттік, имандылық, намыс. Адам өмір сүргенінде бұларды басты тұтқа етіп тіршілік етулері тиіс. Адам құқығы мен бостандықтары басты құндылық болғандықтан, оларды сақтау, қорғау, дамыту өзекті есептелініп, оны билер соты жүзеге асырып отырды. Билер тек қорғаушы, кепілдікті сақтаушы ғана емес, қайта әділдікті, теңдікті, адамгершілікті аңсаушылар, оны елге таратушы қоғам белсенділері еді. Билер билік тұғырын ұстауға, өздерін ұлылық пен құрметке жетуге, өзгелерге үстемдік етуге, күштеп тыйым салуға емес, қайта қоғам мүшелерін адасып-азбауға, ынтымаққа, өзара сыйластыққа шақырды. Нәтижесінде, халық алдында би мәртебесі ханнан да асып түсті⁵. Дәстүрлі қазақ құқығындағы адам құқығы мен бостандықтарын қорғаушылар, нағыз жанашыры болған билер және билер соты қазақ құқығының бір ерекшелігі бола алды. Өзге елдер сот, қазы, т.б. лауазым иелерін тағайындап, ұлықтап жатқанда, қазақ қоғамында халықтың өз ішінен шыққан нағыз жанашыр билері өз қоғамына, ондағы жасайтын адамдар үшін белсенді қызмет етті. Қазір де біздің қоғамымызға осылардай әділ сот иелері жетіспей жатқан секілді. Қоғам үшін әділ, заңдылықты аяқ асты етпейтін, иманы мол соттар қажет-ақ. Біз осы уақытқа дейін мәдениетке, құқыққа, тарихқа еуропалықтардың көзімен қарап келдік. Дәлірек айтсақ, адам құқығы мен бостандықтары парқы мен нарқы негізінен еуропалықтардың талғам-танымы бойынша зерттелінуде. Ал біздің өркениет шеңберінен асып түсетін адам құқығы мен бостандықтарына деген көзқарас, қағида-ережелер жұмбақ күйінде қалуда. Қазақ халқын айтпағанның өзінде түркі тілдес халықтардың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, ақыл-ойы, даналығы мен шешендігі, көрегендігі мен тапқырлығы, сондай-ақ жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды-жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары, осы халықтардың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі екеніне қарамастан, әлемге таныстырылмаған. Кезінде, түркі тілдес бұл халықтар Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықта үш ғасыр бойы қағанат құрып, түркі тілдес халықтардың біртұтас этникалық, құқықтық мәдениетін орнықтырды. Бұлар жаратқан құндылықтар адамзат тарихының ортақ шежіресі іспетті қаралуы тиіс. Ол үшін өзіміз ежелгі мұраларымызды қастерлеп қана қоймай, ұрпақтар бойына сіңіріп, өзгелерге пәш етуге тиіспіз. Қазақ әдет-ғұрпының адам құқығы мен бостандығы жайлы түйгендері өркениет шеңберінен де асып түсті дей аламыз. Себебі, адам мен табиғатпен тығыз араласқан көшпелілер табиғи талғамдардың екі деңгейі болатынын ұғына алды. Алғашқысы — төменгі талғам. Бұл талғам қарапайым инстинктен, яғни ол — ішкі биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру, өмір сүруі мен денсаулығын сақтау. Бұл — төменгі қалау хайуандар секілді деңгей. Адам ақыл иесі болғандықтан, бір мақсатқа ұмтылуы, іс-әрекеттерінің моральдық негізі, біліп-үйренуі болғаны дұрыс. Ол мақсат тек ізгілікке құрылуы, іс-әрекеттердің ізгі болуы, алған білімін адамзат баласы пайдасына жарату. Сөйтіп, мақсаттың нәтижесі баршаға пайдалы болуы

тиіс деген ұғымды көшпелілер дегеннен иеленді. Барлық тәлім-тәрбие, қағидалар, ережелер осы тұрғыда құрылды. Бұл жолдан таю әртүрлі күнәларға, қылмыстарға алып барары хақ. Адам қоғамсыз өмір сүре алмайды. Ал қоғам болғаннан соң, оның мүшелеріне қызмет етуі қажет. Қоғамды басқаратын ұйымдар имандылықтан қол үзбей, адам қатынастарын бір қалыпты ұстап тұруы тиіс. Міне, сондықтан да көшпелі қазақ қоғамы адамдардың өзін-өзі басқаруына орай құрылды. Отбасынан басталған жүйе ру-тайпа, жүздерге ұласып, бірін-бірі толықтырып, жоғары деңгейде басқарушылықты жүргізе алды. Көшпелілердің дүниетанымы олардың аңыздарында (миф), ауыз әдебиеті үлгілерінде, өнерінде, әдет-ғұрыптарында, салт-дәстүрлерінде, ырымдарында көрініс тапқанын философ ғалымдарымыз да жазады⁶. Сөйтіп, олар көшпелі қазақ қоғамындағы дүниетанымдық көзқарастардың, ойлау үрдісінің протоказактардың дүниетанымдық жүйелерімен біртұтас болғанын, ұқсастығын, біркелкілігін дәлелдеп берген. Қазақтардың құқықтық дүниетанымы шындығында да, тым тереңде жатыр. Ата-бабаларымыз өмір сүрген Орталық Азия Еуразия кеңістігінде өмір сүріп, сахнада шешуші, басты орынды иеленген. Осы аймақта өзіндік ерекшеліктерге ие құқық жүйесін жасады. Бұл құқық жүйесі адамгершілік құндылықтарға негізделген дала демократиясының институттарын құрады. Адамгершіліктен тұрған құндылықтар қоғамда пікірталас қисындылығының құралын ойнады. Әділ сот пен шешендік сөзуарлықтың рөлі өте жоғары қойылып, оны бүкіл қоғам болып қолдап – қуаттады. Өмір ағысы өзін – өзі басқару еркіндігін берді. Сондықтан да қазақ құқық жүйесі адам құқығы мен бостандығына жол ашып, кең далада еркіндік пен бостандық нәтижесінде адам теңдігі, өзін – өзі басқару үлгісі қалыптасты. Еркін өмір сүруге деген ұмтылыс қоғам мүшелерінің ерлігімен, төзімділігін үшейтті. В.П.Юдин: «Қазақ деген атау батырлықтың, өжеттіліктің, төзімділіктің көрінісіне айналды, ал кейбіреулерге үрей де тудырды», — деп текке жазып отырмаса керек⁷. Өйткені, мықты жолға қойылған тәртіптілік пен ынтымақтық, адам құқығы мен бостандықтарының бұзылмауы, өзге қоластында қалып бостандықтан айырылмау батырлық пен өжеттілікке жетелейді ғой. Қазақ қоғамында адамның жеке басы, меншік, отбасы, т.б. әлеуметтік саладағы құқықтарын қорғау, нығайту, жетілдіру мәселелері бірінші кезекте тұрды. Әрине, заманы өзгеруімен әрі ішкі-сыртқы жағдайларға байланысты адам құқығы мен бостандықтарына да біраз өзгертулер енгізіліп отырғаны даусыз. Әсіресе, топтық әлеуметтік қатынастар күрделенген кездерде, адам құқығы мен бостандықтары да өзгеріске түскен. Мысалы, төре мен қожаларға төленетін құн қарапайым адам құнынан жеті есе артық болуы немесе құл өмірі құнсыз делінген қағида — ережелер соның айғағы. Кейіндеу шарифат заңдарының әсері де болған. Оған мысал ретінде әйел құны ер адам құнының жартысына теңестірілгенін айтуға болады. Адам құқығына қол сұғу ауыр қылмыс ретінде қаралған. Бұл жағдайда билер ең ауыр қылмыс — ұрлық жасағандарға қатал жазалар берген⁸. Дегенмен қазақ құқығы жаза беруге де адамдық шеңберден шықпаған. Өзге халықтардай ұрыны өлтірмеген, қолын кеспеген, үш жеті (27) есе айып салған, тәртіпке шақырған. Егер ұры ұрлығын қоймай, үш рет қолға түссе ғана өлтірілген. Бұл да — адам құқығы мен бостандығының қазақ қоғамындағы бір ерекшелігі.

Сонымен адам құқығы мен бостандығына қатысты қазақ заңы – ережелері адамгершілік аясында қалыптасқан. Адамды бостандығынан айыру мүлдем болмағанын қазақ жерінде түрме, зындан, құлыптың мүлдем болмағаны айғақтай алады. Адам құқығы мен бостандықтарының қазақтың әдет-ғұрып заң нормаларындағы басты заңдылықтары — адам және адамның өмірі, арнамысы, еркіндігі мен бостандығы басты құндылық ретінде танылуы. Бұл өз кезегінде адамға өзге адамдармен, мемлекетпен қарым-қатынастарға өзара жауапкершілік жүктейді. Жеке тұлға мен мемлекеттің, сондай-ақ адам мен адамдардың арасында болатын қарым-қатынастардың сипатына орай құқықтар мен бостандықтар алуан түрлі салаларға бөлінеді. Қазақ әдет-ғұрпындағы адам құқығы мен бостандықтарының басты ерекшелігі бірыңғайлығы, яғни қай жерде де болса да тең құқықтар мен бостандықтарды бірдей иеленуі, ол мүліктік жағдайына, жынысына қарамауы болып табылады. Мемлекет пен халық бір болғандықтан, әрі мемлекет олардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік бергендіктен, оны қорғауды өз міндетіне алады. Жалпы көшпелілер қоғамы лауазымдық қызметті адам үшін қажет деп санайды. Сондықтан да «халыққа әкім болдым» демейді, «халықтың әкімі болдым» деп есептейді. Бұл да — адам құқығы мен бостандықтарындағы бір ерекшелігі. «Халық ұйғарса, хан тағынан таяды, ал қаласа түйесін сояды». Өз кезегінде халық та биліктегілерді құрмет етулері тиіс. Мемлекет адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызуы, мемлекеттік идеологияға сол қоғам

мүшелерінің өздері қалыптастырған идеялардан тұруы, былайша айтқанда адами мән-мазмұнды иеленуі тиіс. Сонда ғана мемлекет пен адам, адам мен қоғам арасында дұрыс қарым-қатынас орнайды. Тәлім-тәрбие, құқық заңдары, идеологиясы мықты, әрі оны бүкіл қоғам болып қолдайтын мемлекетті жау алмайды. Қазақ қоғамының да бір ерекшелігі осында жатыр. Сан мыңдаған жылдар бойына қазақ даласында адам құқығы мен бостандықтары бейбіт өмір аясында өмірге келіп, қалыптасқан әрі өз қоғамына кіршіксіз адал қызмет еткені, әлі де етіп келе жатқаны құпия емес. Адамды құрметтесе, біздің қазақ халқындай-ақ құрмет етсін. Танымайтын қонаққа төрден орын беріп, алдына асын қоятын, адамды құдайдың пендесі деп өзіндей көретін басқа қандай халық бар? Кешегі бодандық қызыл империя саясатының себептері нәтижесінде жерімізге қаншама ұлт өкілдері келіп қоныс тепті. Соларға төрімізден орын бердік. Аш-жалаңаш еді, сақтадық, өзімізден де артық дәулетке кенелттік. Бірақ, солар сол жақсылықты түгел біліп жатыр ма? Адам құқығы мен бостандықтары жайлы сөз еткенде, Тәуелсіз, Егеменді Республикасыз да өзгелерге шектен тыс құқықтар мен бостандықтар беріліп кетті ме екен? – деп ойлаймыз. Республикамызға келушілерге азаматтық бергенде олардың мемлекеттік тілімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді білуі, жерімізде тек пайдалы іс-әрекеттермен айналысуы жағы жаңаша ойластырылса құба-құп болар еді.

¹ *Зиманов С.З.* Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары. — Алматы, 2004. Б. 35.

² Отличительные черты ислама. Обращение Хазрата Мирзы. Тахира Ахмада. — Исламабад. 1990. Б.13.

³ *Кенжалиев З.* Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. — Алматы, 1997. Б.44 .

⁴ *Кенжалиев З.Ж., Қуандықов Б.Ж.* Қазақстанның саяси және құқықтық ой тарихы. — Алматы, 2004. Б. 6; 53.

⁵ Бұл да сонда.

⁶ *Орынбеков М.* Предфилософия протоказахов. — Алматы, 1994. Б.13.

⁷ *Юдин В.П.* Центральная Азия в IX – XIII веках глазами востоковеда. — Алматы, 2001. Б.148.

⁸ *Алекторов А.О.* О воровстве // Оренбургский листок. 1893. 16 мая.

Ж. Әміржан — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Ж. Б. Досов.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Сот билігі дегеніміз — адамдардың мінез-құлқы мен әлеуметтік процестерін жүзеге асыру барысында соттардың оларға әсер ету қабілеті мен мүмкіндігі. Сот өз билігін жүзеге асыру барысында азаматтар мен қоғамды олардың құқықтары мен бостандықтарына, не болмаса заңды мүдделеріне байланысты заң бұзушылықтар байқалған жағдайда олардан сот төрелігі, сондай-ақ оларға қарсы мәжбүрлеу, жазалау шаралары арқылы қорғау процесін жүргізетін мемлекеттік құзыретті орган¹.

Соттың пайда болуы мемлекеттің пайда болуымен сай келсе де, одан әрі даму тарихына байланысты мемлекеттің өзіндік билік тармақтары мен құрылымдарына бөлінгендігі негізінде сотта өз алдына жеке орган ретінде бөлініп шықты. Алайда оның түп-тамыры ертеректен басталады. Өйткені, мемлекет пайда болғанға дейінгі кезеңнің мәселелері арнайы ру отырысында, тайпа басшысының, ақсақалдардың бірлескен жиынында қаралған болатын. Мұндай жиын, отырыстан бөлек жанжалдарды шешудің басқа да әдістері болды. Оларға дала заңының бір бөлігі ретінде қанға-қан қағидасын жатқызуымызға болады. Ежелгі қазақ қоғамында да осы жоғарыда аталғандардың кездескені мәлім. Осы аталғандар тіпті дәстүрімізбен сабақтасып, жетіле түсті. Қазақ өмірінде сот органдарының орнын ұлы билеріміз басты. Сонымен қоса азаматтық немесе мүліктік даулы мәселелердің тараптары өзара келісіп, оларға билік етуші төрешіні өздері тағайындаған. Мұндай жауапкершілігі зор міндет кез келгеннің мойнына жүктелмеген, әрине. Әдетте жанжалды мәселелерді шешу ел арасына әділдігімен, шешендігімен, тапқырлығымен танылған, атағы жайылған құрметті кісілерге жүктелген. Осы тұста «қара қылды қақ жарған», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» сынды сөздер халық

арасында кеңінен тараған. Бұл жолдар арқылы соттың адам өмірі мен тағдырын шешуде маңызды рөл ойнағанын байқауға болады.

18-19 ғасырлардағы уақытта осы жүйесіне жаңа қағидалар енгізіле бастады. Олардың ең маңыздысы, әрі негізгісі ретінде әлі күнге дейін өзіндік құндылығын жоғалтпаған демократиялық қағиданы айта кетсек болады. Бұл қағиданың көріністері келесідей белгілермен анықталады: сот процесінің ашықтығы және жариялылығы, сонымен қатар, оның алдында барлығының теңдігі, судьяларды сайлау, формальды дәлелдемелерден бас тарту және де айыпталушының кінәсі толық дәлелденбеген жағдайға қатысты оны кінәсіз деп есептеу.

Сот — сот төрелігін мемлекеттік органның атынан жүргізілетіндігіне байланысты, әрі оның орындалуы мемлекет күшімен, бақылауымен іске асатын болғандықтан, ол мемлекет механизмінің ерекше маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Осындай мемлекеттің маңызды қызметтерін жүзеге асыруына орай ол толығымен арнайы заңдар жүйесімен реттеледі².

Қазақстан Республикасының соңғы 1995 жылғы 30 тамызда қабылдаған жаңа Конституциясының 3-бабы бойынша мемлекеттік биліктің біртұтастығын және оның өз кезегінде бірнеше бағытқа бөлінеді, атап айтқанда, заң шығарушы орган, атқарушы орган және сот билігі болып ажыратылады, әрі олардың іс-қимыл жасауының әдісін тежемелік, тепе-теңдік жүйесін енгізу арқылы бекітіп берді³. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды⁴. Соттың шығарған үкімдері мен шешімдері, басқа да қаулылары республика аумағына түгелдей қатысты, міндетті күш болғандықтан, оны орындамау, сонымен қатар, сотқа құрметтемеудің басқа да түрлеріне байланысты заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады. Алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ өздеріне тиесілі құзіретіне байланысты орналасқан соттар жиынтығы сот жүйесін құрайды. Осыған байланысты еліміздің сот жүйесіне қысқаша тоқталып кетсек. Республикамыздағы сот жүйесінің ажыратылуы жөнінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 3-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 3 және 4-тармақтарында айтылған. Бұл заңдарға сәйкес еліміздің сот жүйесінің Жоғары Сот пен жергілікті соттарға бөлінгендігі туралы жазылған. Жергілікті соттарға жататындар:

1) облыстық және соған теңестірілген соттар (яғни өзімізге белгілі Республикалық маңызы бар қалалардың — Алматы және Астана қалаларының соты облыстық дәрежедегі сотпен теңестірілген, әскерлердің соты);

2) аудандық (қалалық) соттар және біріккен күштердің (гарнизондардың, құрамалардың, армиялардың) әскери соттары.

Ал жалпы сот жүйесін шартты түрде келесідей үш буынға бөлуге болады:

1) негізгі (аудандық, қалалық соттар, гарнизондардың, құрамалардың, армиялардың әскери соттары);

2) орта (облыстық соттар және жоғары айтып өткеніміздей астананың және республикалық маңызы бар қалалардың соттары, әскерлердің әскери соттары);

3) жоғары (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты).

Осы аталған ұғымдардан айыра қарауды қажет ететін сот инстанциясы ұғымы да бар. Бұл ұғымдарға анықтама берсек, сот жүйесінің буындары ұйымдық құрылым қағидаларын сипаттайтын болса, ал сот инстанциялары (бағаныштылық сатылары) шешілетін міндеттердің өзіндік ерекшеліктерімен өкілеттілік аумағы және оның сипатын, сондай-ақ сот ісін жүргізудегі тек соған ғана тән ерекшеліктерін айтады. Яғни сот инстанцияларын сот істерін шешу барысында (істің мазмұнына байланысты шешім қабылдау не болмаса осындай шешімдердің белгілі бір заңдылығы мен негіздерін ескеру) толығырақ өз деңгейінде анықталған бір функцияны жүзеге асыратын сот ретінде түсінсек болады.

Бірінші инстанция соты деп белгілі бір істі қарайтын және сол іс бойынша нақты шешім қабылдайтын сотты айтады. Ондай соттарға аудандық, облыстық, Жоғары Сотты кіргізуімізге болады.

Екінші инстанция соты деп бірінші инстанция соты қабылдаған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеретін сотты айтады (апелляциялық инстанция)⁵.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекеттігінің жариялылығы қоғамдық өмірдің барлық дерлік салаларында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді түрде қорғау керектігін меңзейді. Осыған орай республикада жүргізіліп отырған сот — құқықтық реформасы шетелдік құқықтық құрылыс тәжірибесіне құқықтық институттармен рәсімдердің тиімділігі және олардың өміршеңдігімен танысу, дәлелдеу мақсатын ескере отырып, осындайларды пайдалану мақсатында қарау қажеттілігін көрсетеді⁶.

Әлемде қаншаға жуық тәуелсіз мемлекет болса, сонша дерлік Конституция бар, ал сол Конституциялар өз кезегінде сот жүйесі мен соттардың түрлерін айырады. Қазіргі демократиялық қоғамда орын алатын алуан түрлі заң тартыстарында құқық үстемдігін қамтамасыз етуде осы сот билігінің рөлі ерекше. АҚШ-тың француз зерттеушісі Алексис де Токвил сот төрелігінің әлеуметтік рөліне қатысты «Демократия в Америке» атты кітабында былай тұжырымдаған: «Сот төрелігінің ұлы мақсаты зорлық мұратын құқық мұратына өзгертуден, үкімет пен олар пайдаланатын күш арасында құқықтық бөгет орнатудан тұрады»⁷. Сот төрелігі мемлекеттік зорлықты өркениет шеңберіне шығаруда ғана емес, сонымен қатар жеке субъектілер арасындағы тартыстарды құқықтық негізде шешуде де атсалысады. Қоғам мүшелерінің құқықты тану туралы түсінік деңгейі жоғары батыс елдерінде сот шешімінің орындалмауына жол беру мүмкін емес, әрі кешірілмейді.

Алғашқы кезекте АҚШ-тың сот жүйесі мен қылмыстық процесінің оң жақтарына назар аударсақ. Бізге осы елдің кез келген саладағы қоғамдық тұрмысының түрін, жақтарын құқықтық реттеудің жинақталған тәжірибесін талдау, оған сын көзбен қарау, тіпті пайдалану үшін жақсы мүмкіндіктері бар сияқты көрінеді.

Америкалық соттар біртұтас сот жүйесін немесе мемлекеттік құрылымды құрамайды. Мәні бойынша оны біртұтас «америкалық сот жүйесі» деп айта алмайсың. Америкалық сот жүйесін айтқанда, көптеген бір-біріне тәуелсіз жүйемен бетпе-бет келеміз. Осы сияқты америка құқығының қайнар көзі де жетерлік. Бір жүйедегі соттар басқа жүйеде әзірленген заңдарға жиі қолданады және түсінік береді. Оның үстіне сол іс бір, немесе екі, немесе бір-бірін қайталайтын сот жүйесінде қаралуы да мүмкін. Осы және басқа да жағдайлар Құрама Штаттарда сот ісін жүргізу жүйесінің ерекше күрделілігімен байланысты.

Жалпы федералдық сот жүйесі мен ел штаттарының сот жүйесінің құрылымында өздеріне тән ерекшеліктер бар. Негізінен жүйелер бір-біріне ұқсас, тек олардың арасындағы басты айырмашылық нақты қызметі мен ұйымдастырылуына қатысты. Сот жүйесі пирамидасының негізі — бірінші сатыдағы соттар. Ал пирамиданың ең басында — әдеттегідей Жоғары Сот деген атауға ие жоғары сатыдағы соттар. Федералдық штаттардың көпшілігінде дерлік аралық деңгей жүйесінде апелляциялық соттар жұмыс жасайды. Аталған барлық соттар өздерінің сипаты мен сот билігінің тұжырымдамасын ағылшынның жалпы құқықтық және әділ құқық сотынан алған. Америкалық сот үлгілеріне тоқталсақ: бірінші сатыдағы соттарды біздің соттармен салыстыратын болсақ, бұл жердегі саты ұғымы қолданылған, демек төменгі соттар болып табылады. Оларды басқаша «шектеулі құзырлы» деп те атайды. Олай аталу себебі жалпы құзырлы соттардан құзыретінің, билігінің шектеулілігімен ерекшеленеді. Ал, бізбен ұқсастығы тек бір нақты іс бойынша ғана шешім шығара алуы болып табылады. Мысалы, кейбір штаттарда жол қозғалысында соттар жұмыс жасайды, демек олардың қарауына тек көше қозғалысы ережелеріне қатысты ұсақ бұзушылықтар жатады.

Федералды сот билігі жүйесі штаттағы үш қабаттан тұратын пирамиданы білдіреді. Яғни оның негізі – бірінші сатыдағы соттар, өңір ісінің округтік соттары, ал орта деңгейіне – апелляциялық соттар, жоғары басында – Жоғарғы Сот болады.

Жалпы Құрама Штаттардың Жоғарғы Соты 65 апелляциялық сотты қадағалау құқығына ие: Құрама Штаттардың 13 апелляциялық соты барлық мәселелерге қатысты және штаттың 50 жоғарғы соты. Осыған орай бұдан ауқымды, әрі күрделі апелляциялық сотты дүние жүзінде табу қиын деуге болады⁸.

Өз ойымды Қазақстанда сотты пайдаланушылардан әлеуметтік қарастыру есебімен қорытындыласам, респонденттердің 71,3%-ы сот қызметтеріне көңілі толады. Бұл — әрине салыстырмалы түрде кейбір шет мемлекеттерден жоғары көрсеткіш. Атап айтқанда Италия, Грузия, Латвия және Нидерланды елдерінде бұл көрсеткіш 37,5% бастап 81% шамасында⁹. Демек, елімізде сот жүйесін қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Алайда бұл жақсы

немесе өте жақсы дегенді білдірмейді. Сондықтан бұл салада әлі де болса бірқатар жұмыстар атқарылуы керек.

- ¹ **Баянов Е.** Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеті мен құқығының негіздері. — Алматы, 2003.
- ² «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы.
- ³ **Качалова О.В.** Судебная система. — М., 2000.
- ⁴ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж.30.08.
- ⁵ **Баянов Е.** Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеті мен құқығының негіздері. — Алматы, 2003.
- ⁶ **Алиев М. М.** Қазақстан Республикасы сот және құқық қорғау жүйесі. — Астана, 2004.
- ⁷ **Токио А.** Демократия в Америке. — М, Прогресс, 1992.
- ⁸ **Алиев М. М.** Көрсет.еңбек.
- ⁹ // <http://sud.gov.kz/kaz/content/sot-zhuyesinin-zhana-obektlerin-salu>.

Байменов Ж. Н. — курсанта 1 «Б» курса Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева, рядовой полиции;
Научный руководитель — доцент кафедры административного права и административной деятельности ОВД Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева подполковник полиции Маланьина Л. С.

ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ОТ ДЕСТРУКТИВНОГО ВЛИЯНИЯ

В 1989 г. Генеральной Ассамблеей ООН для защиты прав детей была принята Конвенция о правах ребенка¹. Данный документ — это международный договор, который ратифицировала большая часть существующих государств. В Конвенции указываются права всех детей на выживание, охрану здоровья, образование и гарантии права на гуманное обращение с детьми при нарушении ими закона.

Говоря о правах несовершеннолетних, следует отметить, что несовершеннолетние являются объектами и субъектами права, имеющие все конституционные права, провозглашенные для каждого человека, а особенно для несовершеннолетних.

2013 жылғы 10 қазанда өзінің қызметтік жағдайын пайдалану арқылы заңсыз балық аулаушыларға қолдау жасап, өзі де заңсыз балық аулаумен айналысқан «Ақжайық» Мемлекеттік табиғи резерватының инспекторын қаржы полициясы ұстады⁸.

Бұрынғы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры А. Дауылбаев: ведомстволық бақылаудың әлсіздігімен, криминалды балық бизнесінің жоғары табыстылығымен қатар, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрамында браконьерлерге жағдай жасайтын әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің бар екені қалыптасқан жағдайды одан әрі ушықтырады деп атайды⁹.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 31-бабының 2-тармағы бойынша, егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу деп танылады.

Өздігінен жүретін жүзгіш көлік құралдары — двигатель арқылы қозғалысқа келтірілетін кез-келген құрылғылар, құралдар мен конструкциялар (катамаран, моторлы қайықтар, катерлер, кемелер, ұшатын гидроаппараттар және т.б.).

Кінәлі адамдарды балық ресурстарын, басқа да су жануарларын (өсімдіктерін) заңсыз алу орнына жеткізу үшін қолданылған өздігінен жүретін көлік құралдары қылмыстық құқық бұзушылықтың құралы деп танылмайды және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 335-бабының 3-бөлігінің 5-тармақшасы бойынша қылмыстық әрекет ретінде сараланбайды¹⁰.

Статистикалық мәліметтер бойынша 2010 – 2013 жылдар аралығында еліміздің территориясында шетелдік азаматтарға тиесілі 36 «Байда» жүзгіш құралдары ұсталған¹¹.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 07 шілдедегі Заңы 1-бабының 2-тармағына сәйкес, ерекше қорғалатын табиғи аумақ — ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 335-бабының 4-бөлігімен ірі залал келтіре отырып жасалған, не қылмыстық топ жасаған балық ресурстарын, басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 38-тармағына сәйкес 335-баптағы ірі залал – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі.

Қылмыстық топ — ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда, заңсыз әскерилендірілген құралым (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабы 24-тармағы)¹².

Профессор В.А. Авдеев ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекетті дәлелдеудің күрделілігін, жедел-ізвестіру қызметі мен сот жұмысы барысында туындайтын мәселелерді ескере отырып, құрамына жоғары кәсіби біліктілікке ие және трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде жүйелі түрде біліктілігін арттырып отыратын адамдар енетін мамандандырылған алқалы органдар құрған дұрыс деп есептейді¹³.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 339-бабының нормалары да маңызды рөл атқарады. Осы баптың диспозициясында өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу қарастырылады.

Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз алу, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады¹⁴.

Қарастырылып отырған қылмыс түрі бойынша статистикалық мәліметтер негізінде тұрақты түрде өсу тенденциясы байқалады.

Қорытындылай келе, бекіре тұқымдас балықтардың заңсыз айналымы саласында құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту керегін айта кеткен жөн.

Бірінші ретте, қылмыстық жолмен келтірілген шығынды дер кезінде өтеу үшін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 335, 339-баптарының санкциясына қосымша жаза ретінде сотталған тұлғаның мүлкін тәркілеуді толықтыру қажет деп санаймыз.

Бұрынғы 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жоғары көрсетілген баптарының санкциясында қосымша жаза ретінде мүлікті тәркілеу қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысының 20 тармағына сәйкес мүлікті тәркілеу сотталушыны кінәлі деп таныған Қылмыстық кодекс бабының санкциясында қосымша жаза ретінде көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін. Тәркілеуге жататын мүлік үкімде анық көрсетілуге тиіс. Тәркілеу сотталғанның меншігінде тұрған, заңсыз тәсілмен табылған не заңсыз тәсілмен табылған қаражатқа сатылып алынған мүлікке ғана аударылуы мүмкін¹⁵.

¹ Осетровые на грани | Зеркало/ Автор С. Алиева/ «На лов осетровых в Каспийском море будет введен мораторий» [Электронды ресурс] / Қолжетімділік режим: <http://www.zerkalo.az/2013/osetrovyie-na-grani/> - Соңғы мерзімі – 28.01.2016.

² Палатников Г.М. Осетровая история Каспия. // Первый научно-популярный журнал. — 2008. — № (10). — Б. 25.

- ³ *Матаева М.Х., Мукашева Н.К.* Анализ эффективности борьбы с экологическими преступлениями в Казахстане //Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. — 2014. — №3. — Б.196.
- ⁴ *Палатников Г.М.* Көрсет. еңбек. Б. 27.
- ⁵ Бұл да сонда. Б. 28.
- ⁶ *Борчаивили И.Ш.* Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть (том 2). – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. Б. 738.
- ⁷ Бұл да сонда. Б. 738-739.
- ⁸ Тәжірибелік іздену материалдарынан. //Атырау облысы ПД.
- ⁹ zakon.kz «На заседании Генпрокуратуры рассмотрено состояние работы по охране и воспроизводству ценных пород рыб в Урало-Каспийском бассейне» [Электронды ресурс] / Қолжетімділік режим: <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4554065-na-zasedanii-genprokuratury-rassmotreno.html> / - Соңғы кіріп шығу мерзімі – 28.01.2016.
- ¹⁰ *Борчаивили И.Ш.* Көрсет. еңбек. Б. 739.
- ¹¹ Тәжірибелік іздену материалдарынан. // Қазақстан Республикасы ІІМ Криминалдық полиция департаменті.
- ¹² *Борчаивили И.Ш.* Көрсет. еңбек. Б. 739.
- ¹³ *Матаева М.Х., Мукашева Н.К.* Көрсет. еңбек. Б. 196.
- ¹⁴ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2015. – 240 бет.
- ¹⁵ Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы / «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: [Электронды ресурс] / Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P150000004S> / - Соңғы мерзімі 28.01.2016.

А. Сартай — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 3-курс студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі С.Р. Рзагулова.

«ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РӨЛІ

Жалпы ғылымы жоқ ел — тұл, ғылымы дамымаған елдің болашағы күмәнді, қазір қарап отырсақ, жер жаһандағы ізгі жетістіктердің барлығы дерлік ғылымның адамзатқа тартқан сыйы, тартуы іспеттес. Тәуелсіздік туын желбіреткен жылдан бері Қазақстан ғылымы да дамып, әлемге әйгілі бола бастады, кез-келген ғылым саласында ілгері дамушылық көрінісі айқын.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес біздің мемлекетіміз демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекет болып табылады¹. Еліміздің өркендеуіне, мемлекетіміздің нығаюына құқық нормаларын, құқық саласы ғылымын жетілдірудің маңызы ерекше. Құқық нормалары — барлық қоғамдық қатынастардың реттеуші тетігі, кез-келген қоғамдық қатынастар жалпыға бірдей, әділ заң нормалары арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 1-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар қылмыстық кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады»². Бұл заңдылықтың нығаюына, қылмыстық заңнаманың унификациясына әкеледі және құқық қорғау қызметкерлерінің нормативті материалдарды қолдануын жеңілдетеді және тұрғындардың құқықтық ақпараттануын көтереді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Қылмыстық Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады. Қылмыстық Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

А.Н. Ағыбаев: «Қылмыстық заң — Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдайтын құқықтық акті болып табылады» деп жазған³. Қылмыстық заң жазалау қатерімен тыйым салу арқылы адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке кінәлі түрде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туындататын қылмысты әрекеттерді істеуге тыйым салады.

Қылмыстық заң тиісті органдарға және лауазымды адамдарға іс әрекетінде қылмыс белгісі бар кінәлі адамдарды қылмыстық жауапқа тарту арқылы немесе көрсетілген негізге сүйене отырып, оларды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды міндеттейді. Қылмыстық заң — қылмыстық құқықтың ең негізгі көзі. Сот үкімі, ұйғаруы немесе қаулысы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың нақты істер бойынша ғана заңдылық күші бар.

Қылмыстылықпен күрес, қылмыскердің тұлғасына ғылыми негізде зерттеу, орын алған қылмысты құбылыстардың себептері мен оған мүмкіндік жасайтын мән-жайларын анықтау бүгінгі күні заң ғылымдарының келесі міндеттерінің бір болып саналады.

Қылмыстық құқық теориясында, оқулықтарда қылмыс құрамының жалпы түсініктері кеңінен қолданылады. Жалпы және нақты қылмыстың құрамының түсінігі жалпы қылмыс түсінігіне қарағанда заңдылық ұғым емес, ғылыми ұғым болып табылады. Бұл ұғым теорияда нақты қылмыстардың түсінігінен, қылмыстың нақты құрамының жинақталған белгілері арқылы анықталады және өз бойында жалпылама барлық қылмыс құрамдарының белгілері мен элементтерін сипаттап, көрсетеді. Бірақ әрбір қылмыс құрамында барлық қылмыстардың құрамына тән, жиынтығында қылмыс құрамының жалпы түсінігін құрайтын, яғни кез келген қылмыстар құрамының жалпы белгілерін белгілейтін белгілер бар.

Қылмыстық құқық теориясы әрбір қылмыста болатын төрт түрлі міндетті элементтерді — қылмыстың объектісін, қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарын, субъектісін атап көрсетеді.

Қылмыстық заң дегеніміз — Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған нормативтік құқықтық акт екендігіне сипаттама беру. Қылмыстық заңның міндеттері — бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, ҚК-тің 2-бабында көрсетілген басқа да құндылықтарды қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылатындығын зерттеу болып табылады. Қылмыстық заң жазалау қатерімен тынып салу арқылы адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке кінәлі түрде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын қылмысты әрекеттерді істеуге тыйым салады.

Қылмыстық заң — қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі. Сот үкімі, ұйғарымы немесе қаулысы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың тек нақты қылмыстық істер бойынша ғана заңдылық күші бар.

Қылмыстық заңның ережелері міндетті болып табылады. Оларды орындау немесе сақтау — лауазымды адамдардың, сондай-ақ барлық азаматтардың міндеті.

А.А. Смағұлов: «Қылмыстық заң — қандай да бір қоғамға қауіпті әрекеттердің қылмыс болып табылатынын және қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза тағайындау негіздерін белгілейтін қылмыстық құқықтық жалпы және қағидаларды анықтайтын заң нормаларынан тұратын Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң актісі» деп көрсеткен⁴.

Қылмыстық заң адамның құқықтары мен бостандықтарын, меншік пен табиғи ортаны, қоғам мен мемлекет мүдделерін, бүкіл құқықтық тәртіпті қылмыстық қол сұғудан қорғауға, адамзат қауіпсіздігімен бейбітшілікті қорғауға ықпал етеді. Қылмыстық заң қылмыстың алдын алуға, азаматтардың мемлекет заңдары мен Конституция нормаларын сақтауына ықпалын тигізеді.

Қылмыстық заң қылмыс болып табылатын қоғамға қауіпті әрекетке (әрекетсіздікке) жазалау қаупімен тыйым салады. Қолданыстағы қылмыстық заңда балама санкциялар жиі қолданылады, бұл орынды да себебі ол сотқа тек жаза көлемін ғана емес, сонымен қатар жаза мақсатына жету үшін жаза түрін таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтарда заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен тұрады.

Е Каиржанов: «Қылмыстық заң құқықтық мемлекет өмір сүруінің негізі болуы қажет, азаматтардың теңдігі мен босатндығының қорғаушысы болуы қажет және әлеуметтік әділдік қағидасының кепілдемесі болып қоғамдағы ұйымшылдық пен тәртіптің негізі болуы қажет» деп көрсеткен⁵.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасы тек қана әрекет етуші Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын басқа заңдар тек қылмыстық кодекске оларды енгізгеннен кейін ғана қолданылуға жатады. Қылмыстық заңдар тек оларды әлеуметтік зертеудің жаңа әдістерін пайдалану арқылы терең және нақты дайындық жұмысын жүргізгеннен кейін ғана қабылданады.

Құқықтық мемлекеттілікті орнатуда, оның тетіктерін одан әрі жетілдіруде құқық ғылымы салаларының атқаратын міндеті зор болып отыр.

Сонымен заң талаптарың құқық нормаларын құрметтеу және оны бұлжытпай жүзеге асыру — әрбір азаматтың қасиетті борышы және адамның жасаған әрекетін немесе әрекетсіздігін қылмыс деп тану және оған қылмыстық жаза тағайындау, басқа нормативтік актілерге сүйенбеу, соттық тәжірибеге немесе соттың қарауына байланысты шешілмей, тек қана заңмен анықталған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Іс-әрекетті қылмыс қатарына жатқызу және жаза тағайындау сияқты мәселелерді заң қағидаларын бұлжытпай сақтай отырып шешу қажет. Бұл қоғамға қауіпті әрекеттердің қылмыстылығын, жазалануын, одан босату шарттарын қылмыстық заң нормаларымен анықтағанда ғана мүмкін болады.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 2017. 10.03. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ).

³ *Азғыбаев А.Н.* Қылмыстық құқық (жалпы бөлім): Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. Б.18-19.

⁴ *Смағұлов А.А.* Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. — Астана, 2003. Б. 21-22.

⁵ *Каиржанов Е.* Уголовное право Республики Казахстан (общая часть) Изд. 3-е. — Алматы, 2003., Б. 23.

С.Д. Сәруар — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенті;

Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі А.А. Бекбауова.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мемлекеттің және оның органдарының қызметі қоғам өмірінің әртүрлі өрісін қамтитындығы белгілі. Тұтастай алғандағы экономиканың, оның салаларының және нақты шаруашылық ұйымдарының қалыпты қызмет атқаруы, сыртқы саясаттың жүзеге асырылуының, мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуы үшін жағдай жасау, елдің қорғаныс қабілетін арттыру және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғаумен байланысты мәселелерді шешу, сондай-ақ, басқа да маңызды функцияларды орындау осынау әртарапты қызметтің мазмұнын құрайды.

Мемлекеттік қызметтің қатарында заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, еңбек ұжымдарының құқықтары мен заңды мүдделерін күзету және қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу басты орынға ие болады. Сонымен бірге, зерттеушілердің пікірінше, «құқық қорғау өрісі қылмыстылықпен немесе қоғамдық тәртіпті бұзушылықпен күрес өрісіне қарағанда әлдеқайда кең»¹.

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, тұтастай алғандағы қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау болып табылатындығын тағы да атап көрсете отырып, аталған міндеттің жүзеге асырылуы негізінен алғанда, қылмыстылықпен күрес жүргізудің және оның алдын алудың негізгі субъектісі болып табылатын құқық қорғау органдарына жүктелетіндігін айтқан орынды.

Заңдылықты және құқық тәртібін қамтамасыз етумен негізінен алғанда осындай тек міндеттерді атқару үшін құрылған арнайы органдар айналысуы тиіс. Оларды о бастан-ақ, құқық тәртібін қорғау органдары, (қоғамдық тәртіпті қорғау органдары деп те атау сирек кездеспейді) яғни экономикалық және әлеуметтік, өнегелік, мәдени, тарихи факторлармен, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, өзге де заңнамалық және құқықтық ережелермен шартталатын мемлекет пен қоғамның, азаматтардың өмірі мен қызметі тәртібін қорғауға тиісті органдар деп атау қалыптасқан.

Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына өзінің ішкі мазмұны жағынан құқық қорғау органдары ұғымы барынша жақын келеді. Осы атаулар өте ұқсас болғанымен, бірақ олар бірдей емес. Олар арқылы білдірілетін органдар шеңбері әрдайым сәйкес келе бермейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығын бірдей құқық қорғау органдары деп санауға болмайды. Сонымен бірге, құқық қорғау органдарының қатарында кең мағынасында алғандағы қоғамдық тәртіпті немесе құқық тәртібін қорғаумен айналыспайтын және айналысуға тиісті болып табылмайтын органдар да баршылық «берілген мәселе сондай-ақ, құқық қорғаушылық қызметі ұғымының мәселесі де заңнамалық негізде тікелей және түпкілікті реттелмеген»².

Отандық зерттеушілердің пікірі бойынша да «қазақстандық заңнамада «құқық қорғау органдары» деген ұғымға берілген түпкілікті тұжырымдама жоқ. Бұл түсінік әртүрлі құжаттарда жалпылама түрде құқық қорғаушылық қызметті жүзеге асыру міндеті жүктелген мемлекеттік органдарды білдіру үшін қолданылады».

Қазіргі таңда өздерінің кәсіби қызметтерінің белгілері бойынша, өздерінің айқын міндеттеріне ие болатын мемлекеттік органдардың ерекше жүйесіне (құқық қорғау органдары) кіретін органдардың қатары, бұрынғы уақыттармен салыстырғанда кең. Заң ғылымдарының докторы, профессор С. Молдабаев қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының көп жүйелік құрылымының пайда болғандығын атап көрсете келіп, оның өз кезегінде «көрсетілген органдардың өзара ықпалдастығының бүкіл жүйесін күрделендіріп жібергендігін және де мұның көрсетілген органдардың өздерінің маңыздылығы мен мәртебелілігі үшін жасырын «бәсекелестігімен», «күресімен» ұштасып отырғандығын» айтады.

Әлдеқандай мемлекеттік органдарды құқық қорғау органдары қатарына жатқызу барысында басшылыққа алынатын негіздерді барынша анық айқындау үшін, қазіргі таңда барлығымен бірдей таныла бермейтін, белгілі бір шамада алғанда шартты болып табылса да, көпшілік үшін дағдылы болған «құқық қорғау қызметі» атауына ие болған қызметтің басты белгілерін анықтаудың маңызы зор³.

Егер адамның және азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру немесе дау туғызушы құқықтарын анықтау мәселесін негізінен шешу, сот арқылы жүзеге асырылатындығын ескерер болсақ, онда сот органдарын құқық қорғау органдарының жүйесіне кірістірмеу түсініксіз әсер қалдыратын сияқты. Біздің ойымызша, аталған мәселе өз алдына бөлек зерттеу жұмысының тақырыбы болып табылады сол себепті, оны талдауды біз жұмысымыздың міндеттерінің қатарына кірістірген жоқпыз⁴.

Жоғарыда аталып көрсетілгендерді негізге ала отырып, құқық қорғау қызметі ретінде нені қарастыруға болатындығын анықтауға мүмкіндік пайда болады. Құқықты қорғау мақсатында арнайы өкілетті органдармен ықпал етудің заңи шараларын заңға қатаң сәйкестікте және онымен бекітілген тәртіпті бұлжытпай сақтау жолымен жүзеге асырылатын мемлекеттік қызмет түрін құқық қорғау қызметі деп санау қажет.

Өзінің мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі біртекті болып табылмайды. Жүзеге асырылатын әлеуметтік функциялардың салыстырмалы түрде алғанда әрқилы болып табылуы, олардың мазмұнының мемлекеттік қызметтің берілген түрінің негізгі бағыттарымен айқындалуынан біз оның көп жоспарлы бағытын айқын аңғарамыз.

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы бойынша мемлекет механизмі аталған механизмнің жалпы құрылымындағы өзінің сипаты және құзіретінің көлемі, қызмет атқаруының нысандары мен тәсілдері бойынша ерекшеліктерге ие болатын органдардың күрделі жүйесі ретінде сипатталады. Берілген жүйеде ерекше орын, оның құрамдас бөлігі болып табылатын, заңмен бекітілген құзіретке ие және аталған құзіреттің шеңберінде мемлекет атынан әрекет етуге құқылы ішкі істер органдарына беріледі.

Қылмыстық жүріс-тұрыс бірнеше құқықтық пәндер арқылы зерттеледі, олардың арасында соңғы жылдары криминология және құқық социологиясы үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл

түсінікті де, себебі қылмыстылықпен күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру тек қылмыстылықтың әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәнісін терең ашу, оның себептерін талдау, сонымен бірге қылмыстылықтың алдын алу шараларын жасақтау негізінде ғана мүмкін болады, – дейді В. Н. Кудрявцев⁵.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуі криминологияның, құқық қорғау қызметін ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі саналады, себебі тұлғалардың аталған санатының тарапынан жасалуы мүмкін жаңа қылмыстардан сақтандыру қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарының және де рецидив мәселесінің орталық буындарының бірі болып табылады⁶.

Адам көзқарастарының, оның дағдылары мен тәлімдерінің белгілі бір дәрежедегі кертартпалығына байланысты жаңа ортаға бейімделу көп реттерде ішкі күйзеліс, психологиялық кедергі жағдайында өтеді. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдар үшін жаңа ортадағы әлеуметтік бейімделу процесі бостандыққа шыққан адамдардың жеке бастарының ерекшеліктерінен, қоршаған әлеуметтік ортаның сипатымен және де олардың әртүрлі шағын топтармен өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерімен шартталатын бірқатар объективтік және субъективтік себептерге байланысты көптеген қиындықтарды пайда қылады.

Жазадан босатылғандарды бейімдеу — көп қырлы процесс. Ол сотталған адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына дайындаудың өнегелік, психологиялық және практикалық мәселелерінің, жазаны өтегеннен кейінгі олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруінің, қоғамдық тұрғыдан пайдалы болып табылатын байланыстарын қалпына келтірудің, бейімделу үрдісінің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан белсенді түрде басқарылуының, бостандыққа шыққан адамдардың пайдалы қызметке қайтып оралуына кедергі келтіретін жағымсыз факторларды жоюдың кешенін қамтиды. Осы айтылғандарды өз кезегінде жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесін тек әлеуметтік психология тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ педагогикалық, криминологиялық және құқықтық тұрғыдан да кешенді түрде зерттеуді талап ететіндігінің айқын дәлелі, – деп санаймыз.

Осыған байланысты, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп бостандыққа шыққан тұлғаларға қатысты белгілі бір әлеуметтендіруді жүзеге асыру міндеті пайда болады, ол өзіне қоғамнан оқшаулаудың әлеуметтік-психологиялық салдарын жоюды, қоғамдық тұрғыдан алғандағы пайдалы қатынастарын қалпына келтіруді, қоғамдық пікір тарапынан қуатталатын қатынастар өрісіне тартуды кірістіруі тиіс, себебі осындай байланыстардың жоғалуы әдетте қылмыс рецидивінің негізгі себепшісі болады. Сонымен бірге, «қоғамның тарихи нысандарының дамуына байланысты әлеуметтік бейімделудің, яғни тұлғаның берілген қоғамда үстемдік құратын нормалар, әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесіне кірігу тәсілдері де өзгереді»

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің барынша тез және табысты түрде жүзеге асырылуының, аталған адамдар тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын алудағы аса маңызды фактор екендігін ескерсек, берілген үрдісті басқару барысында және бұрын сотталған адамдарға қойылатын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру арқылы ішкі істер органдары аталған өрісте негізгі маңызға ие болады.

Жоғарыда аталып көрсетілген жағдайлар бізге зерттеу жұмысымызды, негізінен алғанда, осы аталған органдардың қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудегі рөліне қатысты зерттеу жүргізуге толықтай негіз береді деп санаймыз.

Алайда қазіргі қалыптасқан жағдайда қылмыстық жазасын өтеуден босатылғандарды еңбекке орналастыру мәселесінің ұйымдастырылған түрде жоспарланып, жүзеге асырылуы, жұмысқа орналасуға жолдама берілгендердің бірыңғай есебін жүргізу жолға қойылмаған. Аталған міндеттерді жүзеге асыруға міндетті болып табылатын тиісті органдардың нақты жүйесі айқындалмаған.

Қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің табысты түрде жүзеге асуы, рецидивтік қылмыстылықтың алдын алуда ерекше маңызға ие болатындығын ескере отырып, біз ішкі істер органдарының құрамында қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандармен жұмыс жүргізу негізгі функционалдық міндеті болып табылатын арнайы бөлімнің ұйымдастырылуы тиіс деп есептейміз.

¹ Кузнецова Н.Ф. Криминология как наука // Советская юстиция. — 1970. — № 2. Б. 8-12.

² Никифоров Б.С. К вопросу об изучении эффективности уголовно-правовых мер борьбы с преступностью. Эффективность уголовно-правовых мер борьбы с преступностью. — М., 1968. Б.10-14.

- ³ Общая теория права / Под ред. А.С. Пиголкина - М.: МГТК им. Н.Э. Баумана, 1995. — 384 б.
- ⁴ *Азғыбаев А.Н.* Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме: Жалпы және ерекше бөлімдер. - Алматы: Жеті жарғы, 2010. — 278 б.
- ⁵ *Эбенев С.М.* Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері: Электрондық кітап. Оқулық — Алматы: Нур-пресс, 2006. — 240 б.
- ⁶ *Шаргородский М.Д.* Наказание, его цели и эффективность. Избранные труды / Сост. и предисловие докт. юрид. наук, проф. Б.В. Волженкина. — СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2004. — 657 б.

Сейткулов И.А. — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық факультетінің «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенті; Ғылыми жетекшісі — Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі А.А. Абуов

СЫРТТАЙ ШЕШІМ ШЫҒАРУ

Қазақстан Республикасы АПК-нің 256-бабының 1-бөлігіне сәйкес отырыстың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған, келмей қалуының дәлелді себептерін хабарлаған және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған жауапкер сот отырысына келмей қалған жағдайда, талап қоюшы бұған қарсы болмаса, іс сырттай іс жүргізу тәртібімен қаралуы мүмкін. Сырттай іс жүргізу бірінші сатыдағы сотта іс жүргізуге жатқызылған, яғни ол сотта іс қараудың бір бөлігі болып танылады.

Сот сырттай іс жүргізу тәртібімен істі қарау кезінде іске қатысушы адамдар берген дәлелдемелерді зерттейді, олардың дәлелдерін ескереді және сырттай шешім деп аталатын шешім шығарады¹.

Сырттай шешім кәдімгі сот шешімі сияқты кіріспе, сипаттау, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұрады.

Кіріспе бөлігінде сырттай шешім шығарылған уақыты пен орыны; сырттай шешім шығарған соттың атауы; судьяның, сот отырысының хатшысы және тараптар тегі, аты-жөні, даудың нысаны немесе мәлімделген талап көрсетіледі.

Сипаттау бөлігінде сырттай іс жүргізу негіздері көрсетіледі. Сырттай дәлелді шешім шығаруды кейінге қалдыруға жол берілмейді, яғни сырттай шешім істі қарау аяқталған соң бірден дәлелді нысанда шығарылады.

Қарар бөлігінде жауапкердің бұл шешімнің күшін жою туралы өтініш беруінің мерзімі мен тәртібі көрсетілуі тиіс.

Сырттай шешімнің көшірмесі жауапкерге оның шығарылған күннен бастап бес күннен кешіктірілмей, оның тапсырылғаны туралы хабарланатын етіп жіберіледі. Сырттай шешімнің көшірмесі сот отырысында қатыспаған талап қоюшыға да ол шығарылған күннен бастап бес күннен кейін хабарланатын етіп жіберілеп, Қазақстан Республикасы АПК-нің 259-бабында көзделген.

Ал сырттай шешімге апелляциялық шағым, я наразылық берілсе, алайда оның күші жойылмаса, онда апелляциялық қаулы шығарған күні заңды күшіне енеді. Кодексте сырттай шешімге шағым жасаудың екі әдісін белгілей аламыз. Бірінші әдісінде мұны жауапкер ғана қолдануға құқылы. Жауапкер шешімнің көшірмесін сырттай шешім шығарған соттан алған кезден бес күн ішінде арыз беруге тиіс. Екінші әдіске сүйенетін болсақ, талап қоюшы мен жауапкер тең қолдана алады. Сырттай шешімге апелляциялық тәртіппен тарап шағым беруі немесе прокурордың наразылық келтіру мүмкіндігі Қазақстан Республикасы АПК-нің 264-бабының 4 бөлігінде айқындалған².

Апелляциялық шағым немесе наразылық берудің он бес күн мерзімі сырттай шешімнің күшін жою туралы арыз беру бес күн мерзім өткен соң есептеледі. Егер арыз берілген жағдайда, бірінші сатыдағы сот арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарған кезден бастап он бес күн есептеледі. Сондықтан бұл нормаға сәйкес жауапкер осы екі шағым жасау әдістерін қолдана алады:

- біріншіден сырттай шешімнің күшін жою туралы арыз беру арқылы,
- екіншіден – апелляциялық шағым беру арқылы.

Сот сырттай шешім шығарып, одан кейін жауапкердің сырттай шешімді бұзуы туралы ұйғарым шығарылған жағдайда, жауапкер соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға құқылы.

Іске қатысушылар сырттай шешімді бұзу туралы ұйғарымға шағымдануға құқылы емес, себебі ол істің әрі қарай жылжуына кедергі жасамау және мұндай ұйғарымға шағымдану құқығы заңда көрсетілмеген.

Сырттай шешімнің күшін жою туралы арыздың мазмұнында:

- сырттай шешім шығарған соттың атауы;

- арыз берген жауапкердің атауы;

- жауапкердің сот отырысына дәлелді себептермен келмей қалуын куәландыратын мән-жайлар туралы мәліметтер және бұл мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер;

- арыз беруші жауапкердің өтініші;

- арызға қоса тіркелетін материалдардың тізбесі болуп, Қазақстан Республикасы АПК-нің 260-бабының 1-бөлігіне сәйкес.

Арызға жауапкер немесе өкілеттілігі болған жағдайда оның өкілі қол қояды. Іске қатысушы адамдардың саны бойынша жауапкер сырттай шешімнің күшін жою туралы арыздың көшірмесін сотқа ұсынады.

Сырттай шешімнің күшін жою туралы арызға мемлекеттік баж төленбейді (ҚР АПК-нің).

В.И. Решетняктің және И.И.Черныхтың айтуынша, бұл нормада қарама-қайшылық бар: бір жағынан — заң шығарушы жауапкерді жағымсыз жағдайға соқтырады, екінші жағынан — сырттай шешімнің күшін жою туралы арыз берумен байланысты шығыннан босатады.

Олардың ой-пікірлері бойынша талап арызды қарау кезінде сот үшін және талап қоюшы үшін материалдық шығындар туындайды, сондықтан жауапкер сырттай шешімнің күшін жою арызын беруде мемлекеттік баж төлеуге тиіс. Осындай арызды қабылдағаннан кейін сот іске қатысушы адамдарға сырттай шешімнің күшін жою туралы арыздың және оған қоса тіркелетін материалдардың көшірмесін жібереді.

Сотқа арыз түскеннен кейін он күн ішінде сырттай шешімді жою туралы арызды қарайды. Өтетін сот отырысының орны мен уақыты туралы хабарланып, іске қатысушы адамдар келмей қалған жағдайда арыздың қаралуына кедергі болмайды. Бұл Қазақстан Республикасы АПК-нің 262-бабының 1-бөлігінде көзделген. Сот сырттай шешімнің күшін жою туралы арызды қарап болған соң сырттай шешімнің күшін жою туралы арызды қанағаттардырдан бас тарту туралы немесе сырттай шешімнің күшін жою туралы және істі мәні бойынша соттың сол құрамында немесе өзге құрамында қайта қарау туралы ұйғарымдардың біреуін қабылдайды.

Соттың сырттай шешімнің күшін жою туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарымына жеке шағым (наразылық) жалпы тәртіп бойынша берілуі мүмкін.

Сырттай шешімнің күшін жою негіздемелерінің толық тізімі Қазақстан Республикасының АПК-нің 265-бабында көзделген. Осылай сырттай шешімнің күші жойылуға тиіс:

- сот отырысына жауапкердің келмей қалуына дәлелді себептер болған жағдайда ;

- егер жауапкер дәлелді себептер туралы сотқа мезгіліне хабарлауға оның мүмкіндігі болмағанын сот анықтаса;

- егер жауапкер шешімнің мазмұнына ықпал ету мүмкін дәлелдемелерді табыс етсе.

Егер жауапкер сот отырысына хабарламай келмей қалған болса, істі жаңадан қараған жағдайда, сот шығарған шешім сырттай деп танылмайды. Жауапкердің сырттай іс жүргізу тәртібімен қарау құқығы жоқ.

Қорытындылай келе, сырттай шешім Қазақстан Республикасы АПК-нің 21-тарауының 256-267 баптарын көздейді. Сырттай шешім шығару процесіне бірнеше қатысушылар қатысып, барлық қатысушылар сот отырысына дәлелсіз себептермен келмей қалған жағдайда жол беріледі. Сот отырысы басталған кезде, судья келген талапкерге істі әдеттегі тәртіпте немесе сырттай іс жүргізу тәртібімен талқылауға деген оның құқығын түсіндіреді, яғни, талапкерге өзінің қуыным талабын талқылаудың тәртібін таңдау құқығы беріледі. Алайда аталған таңдау құқығы тек жауапкер сотқа келмей қалған жағдайда ғана жүзеге асырыла алады.

¹ *Егембердиев Е.О.* Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. — Астана: «Фолиант» баспасы, 2006.

² Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>.

*Д. Секишев — Орталық Қазақстан академиясының магистранты;
Ғылыми жетекшісі — Орталық Қазақстан академиясының қылмыстық құқық және
қылмыстық іс жүргізу кафедрасының профессоры Қ.Ө. Тәшібаев*

БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс. Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету-әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады,» – деп атап өтті¹.

Елбасының осы Жолдауда жүктеген тапсырмалары бойынша құқық қорғау органдарының алдағы уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу әрекеттерін, ұйымдасқан қылмыс пен есірткі заттарын заңсыз айналымға түсірумен байланысты қылмыстарға қарсы күрес жұмыстарын күшейту туралы көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі қағидаларының, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы сатыларында процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес сатыларына қол жеткізудің шынайы механизмін қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процестік заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді².

Қоғамның саяси жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер құқықтық құрылысты тиімді өзгертуді талап етеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында азаматтардың іскерлік белсенділігін арттыру мақсатында ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың қажеттілігін атап көрсеткен болатын. Ұлттық заңнаманы әрмен қарай жетілдіру үшін тиімді өзгертулер мен толықтыруларды енгізу осы тұжырымдаманың орындалуын жүзеге асырудағы заң шығарушылық қызметтің негізгі бөлігін құрайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер сапалы заңдар болмаса, онда оған әрдайым өзгертулер мен түзетулер енгізу қажет болады» – деген.

Қазақстан Республикасында осындай құқықтық мемлекет құрастыру үшін азаматтардың құқықтарын, ерекшеліктерін және заңдық мүдделерінің кепілдігін күшейту қарастырылады. Сол себепті, осы ереже қылмыстық іс жүргізу сферасында өте маңызды, себебі ол азаматтардың жеке өміріне қол сұғушылықпен, ерекшелігін шектеумен және адамның жеке басына тиіспеушілікпен, бұлтартпау шараларын қолдануымен және сот алдында бас бостандығынан айырылуымен байланысты. Мемлекетте өткізіліп жатқан сот-құқықтық өзгерістер эффективтік қылмыстық сот өндірісін құрастыруына бағытталған.

Бірақ, бұл мәселені шешу үшін, халықаралық қылмыстық іс жүргізушілік құрастыру тәжірибесін талдау қажет. Осы ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында көрсетілген: «Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерінің оның заңдарының алдында басылымдығы бар және тікелей қолданылады, тек қана оны қолдануына халықаралық келісіммен сәйкес заң шығару қажет»³.

Бұлтартпау шараларын қолдану келесідей мақсаттарды алдына қояды — қылмысты тез және толық ашуды қамтамасыз ету, кінәлі тұлғаны анықтау, әрбір қылмыс жасаған тұлғаның әділ жазаға тартылуын және ешбір жазықсыз адамның қылмыстық жауаптылыққа тартылмауын заң жүзінде қамтамасыз етуге септігін тигізу. Бірақ та барлық жағдайларда бұл мақсат толығымен орындала бермейді. «Процестік мәжбүрлеу шаралары үнемі дұрыс нәтиже береді деп есептегеніміз қате болады. Кез келген қылмысты ескерту шаралары өз мақсатына жетеді, егер заңдылықты қатаң сақтайтын болсақ, бұл көбіне мәжбүрлеу шараларына қатысты» деген мәселелер көтерілуде⁴.

Бұлтартпау шарасы бүгінгі күннің өзінде ғылыми ойды қажет ететін, өзекті тұстары көп, күрделі процесс болып табылады. Осы тақырыпқа сәйкес өзекті мәселе көтерген Қ.Ж.Капсаламов: «Бұлтартпау шарасы қылмыстық іс жүргізуде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын шектеу сұрақтарымен байланысты болады. Жалпы, мәжбүрлеу процесі жеке адамға қол сұғылмаушылық туралы конституциялық және халықаралық құқықтық ережелерге қарама-қайшы келмейді», – деп көрсеткен⁵. Сонымен қатар, М.К. Шагированың пікірі бойынша, «қылмыстық іс жүргізудегі күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасын қолдану, қылмыстық іс жүргізу заңымен қарастырылған мәжбүрлеу шараларының жиынтығы» деп көрсеткен⁶.

Сонымен, процестік мәжбүрлеу деп қылмыстық сот өндірісінің мақсаттарына кедергісіз жетуге бағытталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушыларға ықпал етудің, заң нормаларымен бекітілген, ерекше өзіне тән тәсілдерінен көрініс табатын, қылмыстық іс жүргізудің реттеу әдісін түсінеміз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз «процестік мәжбүрлеу» деп қылмыстық сот өндірісінің мақсаттарына кедергісіз жетуге бағытталған, қылмыстық іс жүргізу қатынастарының қатысушыларына ықпал етудің заң нормаларымен бекітілген, ерекше өзіне тән тәсілдерінде көрініс табатын, қылмыстық іс жүргізудің реттеу әдісін түсінеміз. Қылмыстық іс жүргізу әдебиетінде күштеудің мәні қарама-қарсы мағынасы бар қос категориямен, сәйкестендіру жолымен анықталады. Мәжбүрлеу қылмыстық процесте тұлға еркіндігін қандай да бір нысанда шектейді.

Қылмыстық-процестік әрекет үшін олар ерекше тән болады. Қылмыстық іс бойынша өндіріс кезінде көптеген билікті процессуалдық шешімдер — тергеуші мен прокурордың қаулысы, бірінші соты, соттардың ұйғарымдары мен үкімдері және жоғарғы тұрған соттардың қаулылары шығарылады. Заңдылықтың талаптарын бұзудан келетін әлеуметтік төлемдер өте үлкен, сондықтан да бұндай қылмыстық-процестік бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған, оның ішінде теріс салдарды жоюға бағытталған арнайы қалпына келтіруші шаралар қарастырылған. Мұндай шаралардың міндеті: дұрыс емес шешімді жою және осы арқылы процессуалдық құқық бұзушылықтан келген зиянды төменгі шекке жеткізу, қылмыстық сот өндірісі бойынша сұрақтардың дұрыс шешілуін және іс бойынша заңды және негізделген шешім шығаруға қамтамасыз ету.

Процестік құқық бұзушыларға жазалаушы қамтамасыз етуші шаралар қолданылуы мүмкін. Мысалы, оған айыпкер күдікті бірінші тағайындалған бұлтартпау шарасы бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда, оған барынша қатал бұлтартпау шарасы ауыстырылады немесе сот мәжілісінің тәртібін бұзған жағдайда сот залына жіберу немесе куәні дәлелді себепсіз шақыртуға келмеген жағдайда алып келу және басқалары жатады. Көрсетілген шаралар — құқық бұзушылық үшін қолданылатын және шектеу ретінде қолданылатын жазаның бір көрінісі. Құқыққа қайшы әрекеттердің теріс салдары белгілі бір тәртіпке мәжбүрлеудің құралы ретінде болады және ол іс бойынша ақиқатты қалыптастыратын қылмыстық сот өндірісінің ойдағыдай жүруін қамтамасыз етеді. Бұл жерде айта кететін бір жай, қылмыстық сот өндірісінің ойдағыдай жүруін қамтамасыз ету — бұл процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданудың жалпы соңғы мақсаты.

Мемлекеттік мәжбүрлеуді қоғамдық қатынастарды реттеу әдістерінің бірі ретінде қарастырылған жөн. Мәжбүрлеу мәнінің мұндай түсініктемесі мәжбүрлеу шарасының мақсаты және оның құралын тағайындауды біріктіретін негізгі қасиетін анықтауға мүмкіндік береді. Мақсатты тағайындалуы деп біз мемлекеттік мәжбүрлеу көмегімен шешілетін мақсаттардың жиынтығын түсінеміз. Ал мәжбүрлеудің құралды тағайындалуы нақты міндеттерге жету мақсатындағы арнайы құралдары мен тәсілдерін таңдауды және пайдалануды сипаттайды.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // Егемен Қазақстан. 2014. 18.12.

² Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы.

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзг. толықтыр. 2012 ж.) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>.

⁴ **Жамиева Р.М.** Уголовно процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие для вузов. — Караганда, 2014. Б. 272.

⁵ **Капсаламов К.Ж.** «Уголовно процессуальное принуждение: гарантии, принципы, реализация». — Астана, 2001. Б. 36.

⁶ **Шагирова М.К.** «Задержание подозреваемого в совершении преступления». Дисс. канд.юрид.наук. — Караганда, 2007. Б. 96.

Серикова Ж. — курсант 3 курса Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, рядовой полиции;

Научный руководитель — доцент кафедры административного права и административной деятельности ОВД Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, доктор (PhD), подполковник полиции Д.А. Амангельдиев

ОСОБЕННОСТИ СОСТОЯНИЯ БОРЬБЫ С НЕЗАКОННЫМ ОБОРОТОМ ЦЕННЫХ ПОРОД РЫБ В ЗАПАДНЫХ РЕГИОНАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Охрана всех естественных богатств окружающей природной среды является одной из важнейших проблем современности, затрагивающий интересы многих стран.

Браконьерство и сопутствующие ему преступления, связанные с незаконным оборотом биоресурсов, в частности осетровых, представляют прямую угрозу экономической и экологической безопасности Казахстана. По прогнозам специалистов, при нынешних темпах роста преступной деятельности, связанной с фактами промышленным ловом рыбы в акватории Каспия, через 5-10 лет популяция этой рыбы может быть уничтожена. Неразумное, хищническое отношение к ним наносит серьезный ущерб многим государствам.

Сегодня правоохранительными органами Республики Казахстан особое внимание уделяется охране ценных пород рыб в Урало-Каспийском регионе и, в частности, борьбе с браконьерством. Так, в Атырауской области за 2017 год зарегистрировано 94 (для сравнения в 2016 году — 69) уголовных дела по ст. 335 (Незаконная добыча рыбных ресурсов, других водных животных или растений) УК Республики Казахстан, из которых 12 направлено в суд (для сравнения в 2016 году — 3).

В Мангистауской области за 2017 год зарегистрировано 28 уголовных дел (для сравнения в 2016 году — 36) по ст. 335 (Незаконная добыча рыбных ресурсов, других водных животных или растений) УК Республики Казахстан, из которых 2 направлено в суд (для сравнения в 2016 году — 1).

В Западно-Казахстанской области за 2017 год ни одного уголовного дела не было зарегистрировано (для сравнения в 2016 году — 1) по ст. 335 (незаконная добыча рыбных ресурсов и других водных животных и растений) УК Республики Казахстан¹.

Вместе с тем проводимые мероприятия не всегда являются достаточно эффективными в силу ряда причин:

Во-первых, изменилось качественное состояние преступности в сфере рыболовства и охраны рыбных запасов. Если раньше случаи незаконной добычи водных животных имели единичный, разрозненный характер, то в современный период такие случаи стали носить массовый характер и имеют признаки организованной преступности и коррупции. Более того, в преступных группировках принимают активное участие работники природоохранительных органов. Так, например, 21.08.2013 года Департаментом по борьбе с экономической и коррупционной преступностью по Мангистауской области возбуждено уголовное дело по ч.3 ст.287 (УК Республики Казахстан 1997 г. незаконная добыча рыбных ресурсов и других водных животных и растений совершенные с причинением крупного ущерба либо организованной группой) в отношении сотрудников рыбной инспекции Мангистауской области, которые в сговоре с гражданином Азербайджанской Республики организовали незаконный промысел осетровых видов рыб на побережье Каспийского моря. Приговором суда от 29.10.2013 года виновные осуждены к лишению свободы.

В Атырауской области выявлена деятельность организованной преступной группы, возглавляемой сотрудниками рыбной инспекции, действия которых квалифицированы по ч.3 ст.287 (УК Республики Казахстан 1997 г. незаконная добыча рыбных ресурсов и других водных животных и растений совершенные с причинением крупного ущерба либо организованной группой), ст. 183 (УК Республики Казахстан 1997 г. приобретение или сбыт имущества, заведомо добытого преступным путем), ч.1 ст. 235 (УК Республики Казахстан 1997 г. создание и участие в организованной группе в целях совершения одного или нескольких преступлений), ст. 251 (УК Республики Казахстан 1997 г. незаконное приобретение, передача, сбыт, хранение боеприпасов)

и ст. 308 (УК Республики Казахстан 1997 г. превышение власти или должностных полномочий в целях извлечения выгод и преимуществ для себя или других лиц)².

Во-вторых, деятельность преступников стала носить изощренный характер. Их довольно сложно привлечь к уголовной ответственности, так как они используют всевозможные способы сокрытия преступлений (орудия преступления и незаконно добытую продукцию прячут в специально подготовленных тайниках, «захоронках», при обнаружении немедленно избавляются от навигационных приборов типа «Гармин», GPS-навигаторов), хорошо осведомлены о предстоящих рейдах и проверках, осуществляемых сотрудниками правоохранительных и природоохранительных органов, используют объездные пути для провоза незаконно добытой продукции. Иностранцы браконьеры в случае их обнаружения уходят на «байдах» в нейтральные воды, где их преследование прекращается.

В-третьих, преступники имеют хорошее материально-техническое оснащение. Лодки, катера с несколькими моторами, GPS-навигаторы, средства связи. Кроме того, преступники имеют огнестрельное оружие и боеприпасы.

Для осуществления более эффективной борьбы с незаконным оборотом ценных пород рыб предлагаем следующее:

- в целях пресечения деятельности организованных преступных групп и коррупции в природоохранительных и правоохранительных органах предлагаем создать постоянно действующую специальную группу из числа сотрудников МВД Республики Казахстан, Генеральной прокуратуры, КНБ Республики Казахстан, Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции для проведения специальных мероприятий, направленных на выявление, пресечение и раскрытие указанных видов преступлений;

- отработать механизм приема на работу с участием заинтересованных правоохранительных органов Республики Казахстан кандидатов в территориальные инспекции рыбного хозяйства Комитета рыбного хозяйства Министерства окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан;

- продолжить разработку специальных рекомендаций по выявлению, раскрытию и расследованию преступлений, связанных с незаконным оборотом ценных пород рыб, с учетом современных способов рыбного браконьерства и изменения социальных характеристик современных преступников.

